

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ  
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ

**БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ЕҢБЕК  
МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР:  
ПАРАДИГМАЛАР, ҮРДІСТЕР, ТӘЖІРИБЕ**

**Халықаралық ғылыми-практикалық  
конференциясының материалдары**

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ КУЛЬТУРЫ  
ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО ТРУДА БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ:  
ТЕНДЕНЦИИ, ПАРАДИГМЫ, ОПЫТ**

**Материалы международной  
научно-практической конференции**

**I том**

Павлодар  
2015

УДК 378  
ББК 74.58  
А 43

Под общей редакцией кандидата педагогических наук, доцента В.Х. Адиловой  
Редакционная коллегия: доктор педагогических наук, профессор  
Р.Х. Шаймарданов, доктор философских наук, профессор Н.Р. Аршабеков,  
кандидат биологических наук, доцент Н.Т. Ержанов

- А 43 **Болашақ мамандардың зияткерлік еңбек мәдениетін қалыптастырудың өзекті мәселелер: парадигмалар, үрдістер, тәжірибе. халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Актуальные проблемы формирования культуры интеллектуального труда будущих специалистов: тенденции, парадигмы, опыт: сборник научных статей Международной научно-практической конференции – Павлодар: ПГПИ, 2015 – Т 1 – 426 с.**

ISBN 978-601-267-377-7

В сборник включены материалы, отражающие научно-исследовательские и практико-ориентированные инициативы докторов и кандидатов наук, преподавателей и учителей, студентов в психолого-педагогической науке. Представлены результаты теоретических и экспериментальных исследований, а также практические педагогических, психологических и смежных специальностей.

УДК 378  
ББК 74.58

ISBN 978-601-267-377-7

---

## **ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!**

Барлықтарыңызды, ең алдымен біздің Республикамыздың және шетелдің алдыңғы қатарлы ғылыми және қоғамдық-саяси орталықтарынан келген қонақтарымызды қарсы алуға рұқсат етіңіздер!

Биылғы жыл Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияланды. Қазақстан халқы Ассамблеясының 20-жылдығына арналған «**Қазақстан халқы Ассамблеясы – қоғамдық келісімнің маңызды институты**» атты халықаралық конференциямыз Қазақ хандығының 550-жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70-жылдығы, ҚР Конституциясының 20-жылдығы тәрізді Қазақстан халқының бірлігі идеясымен байланысты бірқатар жарқын маңызды оқиғалар аясында өтуде. Дәл осындай сапасының арқасында, Қазақстан халқы барлық сынақтарға төтеп беріп, өзінің аумақтық тұтастығын сақтап, қоғамның барлық салаларында үлкен нәтижелерге қол жеткізді.

Сіздерді, толеранттылық, ұлтаралық келісім мен ұлттық бірлік рухын нығайту үшін үлкен құндылығы бар Қазақстан тарихындағы осындай маңызды іс-шаралармен құттықтаймын.

Қазақстан аумағында ұзақ ғасырлар бойы дамыған және бірдей әлеуметтік-саяси жағдайларға төтеп берген рухани қауымдастық Қазақстанның көпұлтты халқын біріктірді. Барлық қазақстандықтардың теңдігі, ұлты мен дініне қарамастан, бір-біріне деген сыйластығы, қоғамдық келісімді күшейту мен ұлтаралық қатынастарды үйлестіру Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтары болып қала береді.

Тұрақтылық пен ішкі тұтастылықты қамтамасыз етуде Қазақстан халқы Ассамблеясы шешуші рөл атқарады. Бұл мемлекеттік азаматтық қатынастар жүйесіндегі бірегей институт болып табылады. Ассамблея Президент жанындағы консультативті кеңестік органнан – толыққанды конституциялық органға – шоғырландырудың негізгі жал-пыұлттық механизміне дейінгі жолды бастан кешірді.

Бүгінгі Ассамблея – бұл азаматтық қоғамның диалогтік алаңы, бұл қоғамдық келісімнің конституциялық принципін жүзеге асыру механизмі болып табылады. Ассамблея халықтың басым көпшілігі қолдаған, ортақ ұлттық идеясы ұлттық бірліктің Доктринасын тұжырымдады. Ол Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы, ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саяси принциптеріне негізделген: «бір ел, бір тағдыр», «шығу тегі әр түрлі – мүмкіндіктері тең» және «ұлттық рухтың дамуы». Халықаралық қатынастар аясында, мемлекет басшысы «Жаһандық толеранттылық пен сенім», «Жаһандық транспаренттілік», «Сындарлы көпполярлылық» сияқты принциптерді жүргізеді. Бұның бәрі ХХІ ғасырдағы жаһандық дамудағы үрдістер.

Бұл принциптер Қазақстандағы бейбітшілік пен келісім саясатының парадигмасында орналасқан. Олар одан әрі дамуды талап етеді. Біз үшін және бүкіл әлемдік қоғамдастық үшін бейбітшілік пен зорлық, интеграциялық процестер, жастарды әлеуметтендіру, өсу перспективаларын талқылау – қазір маңызды болып табылады. Барлық осы мәселелер Ассамблеяның қызметі негізінде.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20жылдығын қарсы алып, біздің институттың, факультеттің қызметкерлері айтарлықтай мемлекеттік этносаясаттың негізгі бағыттары бойынша өз қызметін жандандыруда. Институт ішінде, тарих ғылымдарының докторы, профессор С.Н. Мамытованың басшылығымен ҚХА және Еуразиялық ықпалдасу орталығы жұмыс істейді. Орталықпен ұлтаралық және мәдениетаралық қарым қатынас мәселелері бойынша, зерттеулер жүргізіледі, білім беру бағдарламалары бойынша, ғылыми зерттеу нәтижелерін пайдалану бойынша ұсыныстар әзірленеді, ғылыми зерттеу жобаларына студенттерді тарту, білім беру, ғылыми және ұйымдастырушылық іс-шаралар кешені іске асырылады, олардың арасында – тарихи этнографиялық экспедиция, дөңгелек үстелдер, брифингтер, оқу семинарлары мен конференциялар. Біздің бүгінгі халықаралық конференциямыз осыған үлгі болып табылады.

Конференция тақырыптары этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда үлкен және елеулі перспективаларды қамтиды. Барлығымыздың бүгінгі таңда тәжірибе алмасуға, жаңа идеялар үшін перспективалар қарастыруға, ұлттық бірлік құндылықтар контекстінде Қазақстанның этникалық саясатының практикасын одан әрі жетілдіруге байланысты ұсыныстар жасауға мүмкіндігіміз бар.

Халықаралық конференция қатысушыларына табысты жұмыс, қызықты идеялар, қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету жұмысында табыстар тілеймін!

*Павлодар мемлекеттік  
педагогикалық институтының ректоры,  
филос. ғ. д. Н. Аршабеков*

---

## УВАЖАЕМЫЕ ДАМЫ И ГОСПОДА, УЧАСТНИКИ МЕЖДУНАРОДНОЙ ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ!

Разрешите приветствовать всех вас и, в первую очередь, наших гостей из ведущих научных и общественно-политических центров республики и зарубежья, чье участие в конференции придает высокий статус и задает особый алгоритм в работе!

Этот год объявлен Годом Ассамблеи народа Казахстана. Наша Международная конференция **«Ассамблея народа Казахстана – ключевой институт общественного согласия»**, посвященная 20-летию юбилею АНК, проходит на фоне ряда ярких значимых событий: 550-летие Казахского ханства, 70-летие Победы в Великой Отечественной войне, 20-летие Конституции РК, которые связаны между собой идеей единства народа Казахстана. Благодаря именно этому качеству, казахстанский народ выдержал все испытания, сохранил территориальную целостность, достиг больших результатов во всех сферах общества, сформировал потенциал для динамичного развития в перспективе.

Я поздравляю вас с этими знаменательными событиями в истории Казахстана, которые имеют огромную ценность для укрепления духа толерантности, межэтнического согласия и национального единства.

Духовная общность, выработанная и устоявшаяся в течение многовекового совместного развития на единой территории Казахстана в идентичных общественно-политических условиях, скрепила многонациональный народ Казахстана. Уважение друг к другу и равенство всех казахстанцев, независимо от их национальности и вероисповедания, неуклонное укрепление общественного согласия и гармонизация межэтнических отношений были и остаются ключевыми приоритетами государственной политики Казахстана.

Исключительную роль в обеспечении стабильности и внутренней целостности играет Ассамблея народа Казахстана. Это уникальный институт в системе государственно-гражданских отношений. Ассамблея прошла путь от консультативно-совещательного органа при Президенте до статуса полноценного конституционного органа – главного механизма общенациональной консолидации.

Ассамблея сегодня – это механизм реализации конституционного принципа общественного согласия, это диалоговая площадка гражданского общества. Ассамблея сформулировала консолидирующую общенациональную идеологию, Доктрину национального единства, которая разделяется подавляющим большинством населения. Она базируется на основополагающих принципах политики Президента РК, Председателя Ассамблеи народа Казахстана Нурсултана Абишевича Назарбаева: «одна страна – одна судьба», «разное происхождение – равные возможности» и «развитие национального духа». В сфере международных отношений

Глава государства проводит такие принципы, как «Глобальная толерантность и доверие», «Глобальная транспарентность» и «Конструктивная многополярность». Все это тренды глобального развития в XXI веке.

Эти принципы находятся в парадигме политики мира и согласия Казахстана. Они требуют дальнейшего развития. Для нас и в целом мирового сообщества сейчас важно обсудить вопросы перспектив роста, укрепления культуры мира и ненасилия, интеграционных процессов, социализации молодежи. Все эти вопросы лежат в основе всей деятельности Ассамблеи. Ее слагающие сегодня стали аксиомой успеха социально-экономического и политического прогресса не только в регионе, но и во всем мире.

Встречая 20-ю годовщину Ассамблеи народа Казахстана, коллектив нашего института, профессорско-преподавательский состав значительно активизировали свою деятельность по ключевым направлениям государственной этнополитики. На базе института успешно действует Центр Ассамблеи народа Казахстана и Евразийской интеграции под руководством доктора исторических наук, профессора С.Н. Мамытовой. Центром проводятся исследования проблем межэтнического и межкультурного взаимодействия, разрабатываются рекомендации для использования научных результатов в образовательных программах, организуется работа по вовлечению студенческой молодежи в научно-исследовательские проекты, осуществляется комплекс образовательных и научно-организационных мероприятий, среди которых – историко-этнографическая экспедиция, «круглые столы», брифинги, семинары-тренинги, конференции. Наша международная конференция является тому примером.

Тематика конференции охватывает большой и значимый пласт проблематики формирования культуры межэтнических отношений. У всех нас сегодня есть возможность обменяться опытом работы, осмыслить сделанное, увидеть перспективу для новых замыслов, сделать предложения по дальнейшему совершенствованию практики этнополитики в Казахстане в контексте ценностей национального единства.

Желаю участникам Международной конференции плодотворной работы, интересных идей, успехов в деле обеспечения общественного согласия и политической стабильности!

*Н. Аршабеков,  
ректор Павлодарского государственного  
педагогического института,  
доктор философских наук, профессор*

**Парадигмы разработки концепции  
культуры интеллектуального труда  
будущего специалиста**

## САБАҚ ҮРДІСІНДЕ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

*Д.Б. Абраева*  
*№ 35 ЖОББМ, Павлодар қ.*

Қазіргі кезде болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. [3,5-7 бет]

Инновациялық білімді дамыту бүгінгі күннің талабы болып отыр.

Біздің елімізде Джордж Соростың ашық қоғам институтымен «Сорос – Қазақстан» қоры арқылы келген «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан дамыту» технологиясының оқуға деген қызығушылығын арттыруда алатын орны ерекше.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан дамыту» үш кезеңнен тұрады.

I. Қызығушылықты ояту-оқушылардың бұрынғы білетінімен жаңа білімін ұштастыруынан тұрады. Бұл ойды қозғау, ояту-ми қыртысына тітіркендіргіш арқылы әсер ету кезінде жүзеге асады. Бұл-үйрену үрдісі. Осы кезеңнің екінші мақсаты-үйренушінің белсенділігін, ынта – жігерін арттыру.

Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады. Жұбымен, тобымен талқылайды.

II. Мағынаны тану – кезеңінде оқушы жаңа ақпаратпен танысып, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Берілген жағтығуды, мәтінді оқып, тақырып бойынша жұмыс істеуге көмектесетін стратегиялар бойынша жұмыс жүргізеді.

III. Ой толғаныс – сабақты қорытындылау кезеңі. Осы кезеңде үйренуші үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда қалай қолдану керектігін үйренеді. Осы тұста әр оқушы өз шығармашылығын көрсете алады. [1,2-27 бет]

### «Сын тұрғысынан ойлау»

Қызығушылықты ояту	Мағынаны тану	Ой толғаныс
--------------------	---------------	-------------

«Ой қозғау»	«Болжау»	«Венн диаграммасы»
«Ойын дәптері»	«Еркін жазу»	«Insert»
«Топтастыру»	«Көрнекілік»	«Топтастыру»
	«Жигсо-1»	«Семантикалық карта»
	«Дөңгелек үстел»	«БҮҮ» кестесі

Сабақтарымды меңгертуде тек пәндік білім бере қоймай, оқушылардың жүйелі ой, оқу мен жазу сауаттылығын арттыра отырып, шығармашылыққа баулуда осы стратегиялардың орны ерекше.

«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы арқылы оқушыларды жан-жақты дамыту. Мен оқытудың ұтымды әдістерін, соның ішінде «Оқу мен



жазу арқылысын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасынан жұмыс жасау арқылы алған білім негізін дамыта отырып тәжірибеге енгізу жұмыс істеуге талпыныс туғызып, білім беруде оқушыларды жан-жақты дамытуда көптеген нәтижеге жеткізетінін байқадым. [2,1-44 бет]

Сондықтан бастауыш сынып оқушыларын қажетті білім негіздерімен қаруландырып, оқу материалдарының мазмұнын жан-жақты меңгерту үшін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін дұрыс таңдап алып отырдым.


«Сын тұрғысынан ойлау» – бұл біреуді сынау емес, шындалған ойлау айтып дәлелдей білуі. Оқушыға бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, дамып белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. [2,1-44 бет]

Бұл технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс-әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық қабілет баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашып көрсету. [2,1-44 бет]

«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы оқушыларды тек жан-жақты дамыта қоймай, шығармашылық қабілеттері, түсіну сезімдері артып, оқушының сауатты жазу, мәнерлеп оқу, мағыналы сөйлеу, өлең шығару, эссе жазуға да басқа көптеген қасиеттер дамып қалыптасады.

*Оқушыларды жан-жақты дамытуда бұл әдістің тиімділігін айтсам:*



«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын өз тәжірибемде қолдану жалпы сабақ беріп отырғанда білім мазмұнында біліктілікті, ақпаратты болжау қабілеттерін және қойылған міндетті шығармашылықпен дамытуға көңіл бөліп отырамын.

Оқу бағдарламасында берілген ұсыныстарды негізгі басшылыққа алып, төмендегідей бағытта жұмыс жүргізе отырып, мен өз тәжірибемде оқушыларға білім беруде «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасын үнемі іске асырудамын. [3,5-3 бет]

1. Оқушы деңгейін көтеру.
2. Белсенділіктерін бақылап отыру.
3. Білім деңгейлерін анықтап отыру.
4. Пәнаралық байланыс жасау.

Өз сыныбымның оқушылары өздерін еркін ұстай білетін, шығармашыл, білім деңгейлері жақсы болды. Әрине, барлық оқушылардың білім деңгейлері жоғары болу мүмкін емес. Сондықтан сабақ үстінде өтіліп отырған тақырыпқа, тапсырмаларға байланысты шығармашылық тапсырмаларды орта деңгейде беріп отырдым. Бұл деңгейдегі оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артты. Қате болса да өздері орындаған жұмыстарын әкеліп көрсете білді. Мен бұл оқушыларға бағыт-бағдар беріп, түсінбеген жерін айтып отырамын.

Осы әдістерді пайдаланған кезде Сәбит, Аман, Анар, Қуандық, Серік сабаққа өте жақсы араласып, өз білімдерін әркез шыңдап отырды. Бұл оқушылардың ойлау қабілеттері шыңдалып, сөйлеу мәнерлері артты. Осындай оқу дәрежелерінің, білімдерінің арқасында Қасен Бекұлан Облыстық интеллектуалдық «Ертіс дарыны» марафонына қатысып I орынға ие болды. Қазақ тілі пәні бойынша Орманова Инкар қалалық олимпиадаға қатысып, алғыс хатпен марапатталды.

Қазіргі жетекшілік ететін 3 «В» сыныбымның оқушыларына да сабақ берген кезде осы әдісті пайдаланып отырамын. Сыныбымда 22 оқушы бар.

Барлығының білім деңгейлері жақсы. Сыныпта 3 оқу озаты, 9 оқу екпінді бар.

Сабақта оқушылар берілген шығармашылық тапсырмаларды өз деңгейлерінде орындап отырады. Өлең шығаруға, шығарма жазуға, сурет салуға белсенділіктері жоғары.

Мәселен, ана тілі сабағынан оқушылардың «Қызығушылықты ояту» кезеңінде ертегінің үшке бөлінетінін және ертегілердің қай түріне жататынын еске түсіріп, «Топтастыру» арқылы оқушылардың өздері сызып көрсетті.

«Мағынаны тану» кезеңінде «Болжау» стратегиясын пайдаландым.

Ертегінің мазмұны бойынша 4 бөлімге байланысты 4 мазмұнды сурет пайдаланылды. Ең алдымен I-бөлімге байланысты суретті ілдім. Ертегінің

I – бөлімін өзім оқыдым. Сурет бойынша I-топ оқушылары ертегідегі кейіпкерлерді анықтап, ертегінің I-бөлімінің желісімен танысты. I-бөлімге ат қойды. Енді ертегі әрі қарай не болады деп ойлайсыз? Оған қандай дәлел бар? Не болды? 2-ші салынған сурет арқылы болжап, ортаға салып, оқушылар өз ойларын айтты.

II-бөлімді оқыттым. Сұрақтарға жауап алынды, ат қойылды.

«Жаз» мезгіліне байланысты осы технологияның «Табиғат тамашасы» деген сергіту сәтін орындалды.

III, IV-бөлімдерде алдыңғы бөлімдер сияқты жұмыс жүргізіліп отырды. Сөздікпен жұмысты «Түртіп алу» жүйесі бойынша өткіздім.

«Ой толғаныс» бөлімінде «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясының «Сурет салу» стратегиясы бойынша ертегінің мазмұнындағы негізгі ойды оқушылар анықтап, өз қиялдарымен сурет сала отырып, қорғады.

Бағалау кезеңі «Кезекпен қайталау» стратегиясы бойынша бағаланды. 4 парақша іліп, парақшадағы сұраққа 4 топ кезек-кезек айналып, өздерінің қойған бағалауларын жазды.

Бұл әдістің тиімділігі: Келесі тақырыпқа шығу «Қызығушылықты ояту».

«Мағынаны тану» кезеңінде «Жигсо-1» стратегиясын қолдандым. Өлеңді қиындыларға бөліп, 4 топқа таратып бердім. Оқып, мазмұнын түсініп, мағыналық жалғасын тапты.

Оқушыларға іштей оқу тапсырылып, «Түртіп алу» жүйесі бойынша түсінбеген сөз тіркестерін V белгісімен белгілеп отырды. Сөздік жұмыс осы жүйе бойынша өткізілді. Себебі: оқушылар өз бетінше ізденеді.

СТО технологиясының «Мен кімін?» деген сергіту сәтін еске сақтау қабілеттерін арттыру мақсатында пайдаландым.

Шығармашылық бағытта жұмыс жүргізілді. Әр топқа тақырыптар жазылған қиындылар бердім. Онда:

I-топ. «Күзгі табиғат»

II-топ. «Күздегі ауа райының өзгеруі»

III-топ. «Күзгі еңбек»

IV-топ. «Үй жануарларының күзгі тіршілігі»

«Ой толғаныс» кезінде «Сезімнен шыққан өлең» стратегиясы бойынша өлең шығаруды тапсырдым. Осы жұмыста оқушылар өте жақсы, белсенді сабаққа қатысты. Бұл тапсырма оқушылар «Күзгі белгілер», «Күзгі иіс», «Күзгі дыбыс», «Күн салқындайды», «Шаң борайды», «Жел гуілдейді», «Жел тұрады». «Жаңбыр жауады». «Бірақ басылмайды». «Жапырақтар түседі», «Шаңды басады», «Жапырақтар сыбдырлайды», «Жеміс піседі». «Дымқыл болады». Күстар қаңқылдайды». Деген сөз тіркестерін пайдаланып, өз ойлырын ерік жеткізіп, дәлелдей біліп, сұрақ - жауап арқылы сыни сұрақтар да қоя білді.

Осы өткізген сабағымдағы СТО технологиясының тиімділігі:

- Өткенді еске түсіреді;
- Еске сақтау қабілеттері айқындалады;
- Топпен жұмыс жасауға дағдыланыды;
- Өздіктерінен тұжырымдама жасауға үйренеді;
- Шығармашылық жұмыс жасай біледі;

Жұмысымды қорыта келе Чех педагогы Коменский «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз жалын иесі», – деген екен. Сондықтан мен «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» қолдана отырып ізденімпаз, шығармашыл, дарынды, дүниетанымы жоғары, оқушы қалыптастырсам деймін.

## МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ДАМУЫНА ЖЕТЕКШІЛІК ЕТУ ТӘЖІРИБЕСІ

*Р.Н. Абуханова*

*Білім беру жүйесінің басшы және  
ғылыми-педагогикалық қызметкерлері біліктілігін арттыратын  
республикалық институты «Өрлеу», Алматы қ.*

Елбасымыздың тікелей тапсырмасы бойынша ең озық халықаралық тәжірибені қолдана отырып, Қазақстан Республикасы педагогтарының біліктілігін арттырудың бағдарламасын «Назарбаев Зияткерлік мектебі» Педагогикалық шеберлік орталығы әлемге әйгілі Кембридж университетімен бірлесіп құрды. Бұл бағдарлама үш деңгейде жүзеге асуда: үшінші – орта, екінші – негізгі, бірінші – жоғары деңгей. Кембридж университетінде кең қолданылатын оқытудағы интербелсенді әдістер осы бағдарлама негізінде Қазақстан мектептерінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру арқылы тәжірибеге енгізілуде. Біліктілікті арттыруды жаңартудың мақсаты – осы саладағы шетелдік озат тәжірибені тарату. Бұл халықаралық біліктілікті арттыру ресурстарына енуге мүмкіншілік жасайды және тәжірибе алмасуға жағдай тудырады.

Қазақстандық және шетелдік тренерлер бірлесіп қызмет етіп жүрген «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының миссиясы – педагог кадрлардың біліктілігін корпоративті басқаруды әлемдік және Қазақстандық тәжірибе негізінде арттыру. Мақсаты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін және педагогикалық шеберлігін дамыту деп білеміз. Бұл құрылым – кадр мәселесі шешілген және материалдық-техникалық базасы толықтырылған педагогтардаң біліктілігін арттыруды сапалы қамтамасыз ететін ұйым, осымен қатар қазіргі таңда барлық аймақтық біліктілікті арттыру институттарына алдыңғы қатарлы озық технологияларды таратуға мүмкіндік тудырушы ұйым болып отыр.

Қазақстан педагогтарының біліктілігін арттыру үш айлық курс оқулары әлемге әйгілі Кембридж университеті және Педагогикалық шеберлік орталығы (Астана қ.) мен «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында (Алматы қ.) «Бетпе-бет» бағдарламасының оқу мен оқыту тәсілдері жеті модуль арқылы іске асуда. Қазақстанның әр аймағынан жиналған ұстаздар үлкен жауапкершілікпен, бар ынты-жігерімен осы бағдарламаны оқып үйренуде. Үш айда өткізілген жұмыс мазмұны зерттеуші мұғалімдердің күнделіктерінде және жазған пікірлерінде көрініс тапты, курс тыңдаушылары курс оқуларынан алған әсерлерін республикалық басылымдарда жариялап, көпшілікпен тәжірибе бөлісуде. Зерттеу бойынша біліктілікті арттыру курс бағдарламасының алынған тақырыптары диалог әдісі, іскерлік ойын, тренинг, пікір алмасу, рефлексия жасау, т.б. түрінде өтуде. Бұл тәсіл интеллектуальді және кәсіби дағдыларды дамытуда қолданылады. Бірлесіп, топтық жұмыс жасай отыра, әр адам кәсіби шығармашылық ізденісінде өзіндік өрнек қалдыруы көзделеді.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын өткізу барысында шетелдік және Отандық ғалымдардың ғылыми еңбектерін талдауға және оны тәжірибеде қолдануға, шетелдік мамандармен кәсіби байланыста болуға көп көңіл бөлдім. Шетелдік әріптестеріммен сабақ жоспарларын құруда алдымен тиісті тақырыпқа байланысты материалдарды жинап, соның ішінен маңызды деген ақпараттарды таңдап, порталда берілген сабақ жоспарларын кеңейтіп, дамытып, оны аудитория қажеттілігіне бағыттап құруға тырыстық. Сол жоспар бойынша сабақты бірігіп өткізіп, нәтижесін талдап, қорытындылап отырдық та, келесі күнге жаңартылған, барлық жетістіктер мен кемшіліктері ескерілген жоспар жасалынып отырды. Бұл кезең менің тәжірибеде ұмытылмас, нағыз шығармашылық сәт болды. Мен шетелдік әріптестерімен зор алғысымды білдіремін және оларды әрқашан да жылы сезіммен еске аламын. Әсіресе халықаралық кеңесші тренерлер Майк Смитт пен Филипп Стивенсон курс оқуларындағы бөліскен тәжірибесінің зор ықпалы болды.



### *Шетелдік әріптестер арасындағы кәсіби әңгіме*

*Халықаралық кеңесші –  
тренер Майк Смитт.*

*Халықаралық кеңесші –  
тренер Филипп Стивенсон*

Бірлесіп құрған кәсіби жоспар бойынша мұғалімдерге оқыған дәрістерімді бастарда және тренинг жүргізер алдында топпен жұмыс істеудің тиімділігін атап, түсіндіріп отырдым. Топтық жұмыс кезінде топ мүшелері өздері қабылдаған топ ережелерін ұмытпауларын өтіндім. Тыңдаушыларымның шағын топтарда өз құрбыларымен жұмыс істеуге ынталандырып отырдым: олар ортақ тақырып, ортақ мақсат, ортақ идея құра отырып, өз ойларын ортаға салып, жорамал айтып, зерттеуге бейімделіп, бір-бірін тыңдады, пікір алмасты, ақпарат жинады және өз ойларын ортаға салды.

Тыңдаушыларымның сыни тұрғыда ойлау қабілетін дамыту үшін топтағы жағымды психологиялық ахуалдың маңызы зор. Сыныпта топтық, жұптық жұмыс кезінде, тыңдаушылар белсенділік танытуы үшін ынтымақтастық атмосферасын құрып алу керек. Ол үшін:

- әртүрлі мазмұнда креативті тренингтер жүргізу;
- «Барлық пікір құнды» ұстанымын қолдану, енжар адамдардың белсенділігін ояту;
- топтық және жұптық тапсырмалар арқылы қызығушылықты арттыру;
- өзін-өзі бағалау, өзін-өзі реттеуге үйрету;
- рефлексия жасау, т.б.

Дәріс барысында оқу мен оқытудың ынтымақтастық атмосферасын құру арқылы әркім өзін сабақ үстінде еркін ұстауына, ойын ашық айтуға, сұрақ қоя білуіне және өзге адамдар назарын өзіне аударып, өзін тыңдата алуына т.б. өзіндік ерекшеліктерімен көзге түскеніне куә болдым және осындай жетістіктеріне іштей қуанып, олардың әр қадамын құптап отырдым. Зерттеуші ғалым Шордың айтуы бойынша, мұғалімдер мен оқушылардың бір-бірімен сөйлесуі, ескертулерді еркін айтуы, өз пікірлерін қысылмай білдіріп, пікір алмасуда өздерін шынайы ашу тәсілі жарияшыл сыныптың қандай болу керектігін көрсетеді. Жарияшыл сыныпты құру белгілі бір тәуекелмен түйіндес екенін есімде әрқашан ұстауға қалыптастым. Өйткені себебім тәуекел мен жауапкершілік осындай оқыту түрінің басты және аса маңызды құрылымының бірі болуы мүмкін. Бұл жағдайда, екі жақта да, мұғалімдер мен оқушылардың да, құқықтары және уәкілеттіктері сенімділік қағидаларына негізделіп, тең бөлінсе ғана, оқыту нәтижелі болмақ, ал егер керісінше болса, оқыту үдерісінде күрделі мәселелер мен кереғар нәтижелер туындады ықтимал. Сондықтан топтағы адамдардың жас ерекшеліктерін, әлеуметтік жағдайларын, психологиялық және жеке басының мінез ерекшеліктерін жіті қадағалап, зерттей отыра, жан-жақты жұмыс істеуіме тура келді. Себебі топтағы 25 адамның мінез-құлқы әртүрлі. Топ ережесін бірауыздан қабылдау, оны мұқият орындау, қажет жерінде өзгертулер енгізіп отыру жұмысымды біраз жеңілдетті.

Топпен жұмыс жасау, топта ауызбірлікте, ынтымақтастықта болу жақсы нәтиже беретіні көрінді. Зерттеулерде интерактивті қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілетін жұмыс тұлғаның оқуына когнитивті әсер ететіндігі айтылған. Ынтымақтастық педагогикасының негізін қалаушы ғалымдар пікірінше, «ынтымақтастық педагогикасы барлық балаларды қабылдайды және қай жастағы балалармен жұмыста болса да оңтайлы» деген сөздері дәлел. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы көптеген ғалымдардың еңбектерінің жемісі. Айта кететін болсам, Джинни Стилл, Куртис Мередит, Чарльз Темпл т.б. Бұл жоба атақты ғалым зерттеушілер Ж. Пиаже мен Л. Выготскийдің даму теорияларын басшылыққа алады. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдісінің мақсаты – барлық жастағы тұлғаға кез келген құбылыс пен заттарға, әрекет пен мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, көптеген пікірдің ішінен біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету.



### ***«Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз не?» коучинг-сессиясы***

Сыни ойлауға ғалымдар әр түрлі анықтамалар берген. Солардың ішінде белгілі ғалым – Дайана Халперн «Сыни ойлау» түсінігіне – ойлаған нәтижеге жету үшін танымдық техникаларды пайдалану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттай ойлану» – деген пікір білдірсе, Л. Выготский: «Қатаң ғылыми тұрғыдан қарағанда, басқа адамды тәрбиелеуге болмайды. Тәрбиелеу – оқушыны тәрбиелеу емес, оқушы өзі тәрбиеленетіндей етіп ұйымдастырылуы керек. Тәрбиелеу процесінің негізінде оқушының жеке іс-әрекеті жатуы керек» дейді. Осы орайда №6 топта жүргізілген «Мінсіз оқушы» тақырыбына тоқталып өткім келеді.

Мінсіз оқушы қандай болу керек? Осы жерде Мерсер (2005) құрдастар тобындағы өзара қарым-қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Оқушылар да, ересектер де жұпта немесе топтарда жұмыс істегенде, олар «мұғалім – оқушы» сұхбаты түрінде өзара іс-қимылға қарағанда мейлінше «симметриялы» болып табылады, сондықтан олар өзара іс-қимылға тартылады, осылайша, негізделген дәлелдерді әзірлеу және қадағаланатын оқиғаларды сипаттауда түрлі мүмкіндіктерге ие болады» – деп айтқан.

Топпен жұмыс істеуде Мерсердің айтқан сөзі жақсы нәтиже берді. Топта келгеннен іске еркін араласа алмай отырған ұяң мінезді, баяу тыңдаушылар шешіліп сөйлей бастады, өз ойларын айтты, сыни тұрғыда ойлату арқылы постер жасаған кезде өз үлестерін қосты, қолдарына түрлі-түсті қарындаш алып, «мінсіз оқушының» келбетін әдемілеп салуға кірісті, суретті аяқтаған соң, жан-жағына сол оқушының бойында болатын барлық жақсы қасиеттерді жазды. Өздері де енді сондай оқушы болуға тырысатындығын айтты. Тыңдаушыларға бұл жұмыс түрі қатты ұнады. Олардың топқа бөлініп, өз ойларын постер арқылы суретпен жеткізгендері өздеріне ұнады. Сабақтың соңында көңіл-күйлері көтеріңкі болды.

«Мінсіз оқушы» дәрісінен соң «Мәдениетаралық оқушыны қалыптастыру» дәрісі ерекше есте қаларлықтай деңгейде өтті. Дәрістің басында Қазақстанда мекендеуші (130-дан астам ұлт өкілдері) және жалпы дүние жүзіндегі әрбір ұлт өкілдері бір-біріне құрметпен қарап, олардың рухани құндылықтарын, әдет-ғұрпы мен салт-санасын сыйлау және оны жан-жақты зерттеу, білу, түсіну, талдау – кез-келген адамның зияткерлік танымын кеңейте түсетіндігіне назар аудардым. Себебі мәдениетаралық оқушы осындай қарым-қатынастың адамы. Кезінде ол туралы қазақтың ұлы ойшылы Абай айтып кеткен. Ұлы Абай өзге халықтармен дұрыс қарым-қатынаста болу, олардың тілін үйрену, мәдениетін сыйлау өз мәдениетінді көтеретінін есте ұстауды ескерткен. Ол мәдениетті әркім өзге ұлтты сыйлау, қадірлеу арқылы ғана игере алатындығын жақсы түсінгендей болдық. Мұғалімдердің мәдениеттілік маңыздылығы туралы ойлары ғалымдардың тұжырымдарымен астасып, жаңа ой-пікірлер туындап жатты.

Оқытуда тағы да бір ескеретін жай – тұлғаның қатысымдық құзыреттілігінің дамуы. Ғылыми зерттеулерге қарағанда диалог оқытуда басты роль атқарады. Мерсер мен Литлтон өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді

Л. Выготский білім беру моделі оқушының диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдайды. Сондықтан оқушының білім деңгейін дамытуға мұғалімнің рөлі ерекше екендігін ескере отырып, әр сабағыма тиянақты дайындалып, тренингтерді сабақ тақырыбына сай мазмұнды өтуін ерекше назарда ұстап отырдым. Диалог жүргізу мүмкіндігін толық іске асыру арқылы оқытуды тиімді етуге, мейлінше мәнді етуге тырыстым. Тыңдаушыларым оқушы рөлінде болып, диалогтік оқытудың сан алуан тәсілдеріне жаттықты.

Барнс білім берудің мұғалімді селқос тыңдағанда ғана емес, вербальды құралдарды қолдану нәтижесінде, яғни сөйлесу, талдау және дәлелдеу барысында жүзеге асатынын көрсетті. Кейінірек Мерсер және Ходжкинсон зерттеулері Барнстың ертеректегі жұмысына негізделіп құрылып, білім беру барысындағы диалог атқаратын негізгі рөлге назар аударуды мақсат етеді.

Фриери, бразилиялық педагог, әрбір адам өзге адамдармен оқу үдерісінде немесе ауызекі сөйлесуде сыни тұрғыдан ойлауды іске асырады деген тұжырымға келеді.

Фриеридің пайымдауы бойынша мұғалімнің ұстанымы – оқушыларымен ауызекі тілде байланыс жасауы, оларды қарым-қатынасқа жетелеуі. Л. Выготский диалогтың маңыздылығын ерекше атап өткен, себебі диалог оған қатысушылардың білімінің «жетіспейтін» жерлерін бірден көрсетеді. Фриери зерттеуде диалогтің оқушыларға бағытталғандығын атап көрсетеді.



Зерттеудің көңіл-күй негізі оқытуда ерекше болғандықтан ол оқушылардың маңызды мәселесіне әкеліп соғады. Фриеридің айтуы бойынша, оқытуда түсіну, сыни ойлау ерекше орын алады. Д. Дьюи пайымдауы бойынша мұғалім оқушының еркін ойлауына мүмкіндік бере отырып, оның сыни ойлауын диалог арқылы дамытуы қажет. Тыңдаушылар өзара диалогке түскенде білімді тезірек игереді. Мәселені шешуде өздері жұмыс істеп, жол таба алуы үшін оларға жеткілікті түрде ой бостандығы, ой еркіндігі берілуі керек екендігін жақсы түсіндім. Осындай еркіндікті сезінгенде ғана адам өз ойын ұштай алатыны белгілі. Мәселені талқылау кезінде дәлелдемелер, көреген ой, мәселені шешу жолдары, зерттеушілік әңгіме диалог арқылы жүзеге асты.

Мен дәрістерімде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) жиі қолдандым және осы модульге терең көңіл бөлдім. Себебі қазіргі таңда Қазақстан Республикасы ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі-қоғамды ақпараттандырудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды. Білімді ақпараттандыру – бүкіл әлемдік қауымдастық талаптарына сәйкес ақпараттық технологиялардың білім үрдісіне енгізу үдерісі, педагогтың жаңа үлгідегі жалпы білім және кәсіби даярлығының сапасын арттыру болып отыр деп түсіндірдім. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол екендігін атап көрсеттім.

Мектеп туралы ақпарат, сыныптар тізімі, оқушылар туралы толық мәлімет, мінездемесі, пән мұғалімдері туралы мәлімет, пән күнтізбелік жоспары, сабақ жоспары, сабақ кестесі т.б. қазіргі мектеп ақпараттық жүйесіне енгізілген.

Бүгінгі таңда қала мектептерінің барлығы компьютерлік сыныптармен, интерактивті тақталармен, мультимедиялық-лингофондық кабинеттермен қамтылған. Барлық мектеп кең жолақты ғаламтор желісіне қосылған. Қашықтықтан оқыту он-лайн режиміне қосылған. Оқушылар мен мұғалімдердің он-лайн режимі бойынша республикалық, облыстық, қалалық сабақтар мен дәрістерге қатысу мүмкіндігі бар. Дегенмен ақпаратты қоғам педагогтан компьютерлік сауаттылықты талап ететінін айта отыра, сауалнама жүргізу арқылы мұғалімдер компьютерді толық меңгенмегендігін анықтадым, ал кейбір мұғалімдер, өз пәніне байланысты, әсіресе информатика мұғалімдері жоғары деңгейде меңгерген. Олар күнделікті жұмыстарын компьютер арқылы орындап, бар керекті материалдарды инақтап отырды. Топ мүшелерінің Педагогтардың шеберлік орталығы (ПШО) сайттарын пайдалану, тренермен және әріптестерімен электрондық поштада жұмыс істеу мүмкіндіктері әртүрлі болды.

Ақпараттандыру бағдарламаларын пайдалану және ақпараттық ортаны дамыту заманауи білім жүйесінің ажырамас құрамы болып табылады. Заманауи мұғалім ақпараттық технологиялардың дағдыларын терең меңгерген болуы керек. Оқу орынында түрлі компьютерлік бағдарламалармен құрылған ақпараттық білімді кеңістік мұғалімнің кәсіби дамуының динамикасын бейнелейді

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы айтқандай, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде қолдану мен оның тиімділігін арттырудың маңызы зор екендігін курс оқуларында басты назарда ұстадым. Ақпараттық қамтамасыз етілу жағдайында институттың материалдық-техникалық базасы курс оқуларының сапалы өтуіне зор ықпалын тигізді. Курс тыңдаушылары презентация жасау, есеп дайындау, өздік жұмыстарын реттеу, слайд жасау, тест жұмысын жүргізуде көптеген ақпараттық бағдарламаларды шебер қолданды.



### **2015 ж. 6-топтың көшбасшы мұғалімдері**

Көшбасшылықты жүзеге асыру мақсатында мен топтық жұмыстарды көбірек қолдануға тырыстым. Тақырыпқа байланысты көшбасшылық қасиет көп ретте байқалып отырды және осы қасиет күннен-күнге шыңдалып, мұғалімдерім көз алдымда танымастай болып өзгергеніне куә болдым. Көшбасшы өз саласының білгір маманы, сонымен қатар

өзге саладан да хабары бар жан. Ол – басқа адамдардың пікірімен санаса білетін, сол пікірлерді жинақтап, іске асыра алатын адам. Үлкен жауапкершілік, сабырлылық, тапқырлық пен шапшындық иесі т.б. пікірлер алмасып жатты..,

Бұл модульде мұғалімдердің пайдаға асырылмаған зор әлеуетін олардың кәсіби өсуіне, бірлескен кәсіби білім құруларына ықпал ететіндей қолдау көрсетілген жағдайда ғана көрсете алады деген тақырып пікірталасқа негізделеді. («Мұғалімнің көшбасшылығы» халықаралық жобасы Хертс Кам Нетворк) Ол педагогикалық жүйе сәтті болу үшін, білім беру (оқыту) барлық деңгейде қатар жүру керек, яғни білім беру оқушыларды, студенттерді, мұғалімдерді және де мектеп жүйесінде қызмет жасайтын қосымша қызметкерлерді түгел қамту керек деген көзқарасқа негізделген.

Бірлескен кәсіби әрекеттің маңыздылығы туралы ойларым:

– оқу/оқыту жаңаша тәсілдерін қолдануда байқағаным – аталмыш тәсілдер тыңдаушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етті, тез шешім қабылдауға көмектесті. Топтық жұмыс олар бір-бірінен үйренуге, басқалардың идеяларын құрметтеуіне және бірін-бірі бағалауына ықпал етті. Әсіресе, диалогтік әңгімеде қойылған сұрақтар мен оларға берілген

жауаптар, сонымен қойылған сұрақтар маңызды болды. Бұл жағдайда олардың жауабын білімдерінің деңгейін тексеру үшін ғана емес, сондай-ақ өз ойларын анық білдіруге, дамытуға және кеңейтуге мүмкіндік беру үшін пайдаландым. Әңгімелесу мен ой елегінен өткізу әркімнің ойын жинақтауға көмек берді, іс-әрекеттерін тереңдетіп, шоғырландырды.

Қорытынды: Мұғалімдердің күндізгі оқуына арналған оқу жоспар-бағдарламасында оқытудың жеті модулін қолдану өте тиімді болды. Оқытуда жаңа тәсілдерді қолдануда байқағаным бұл үдеріс тыңдаушылардың сыни тұрғыдан ойлауына зор ықпал етті. Топтық жұмыс олардың бір-біріне үйренуіне, басқа идеяларды құрметтеуіне және бірін-бірі бағалауына көмектесті. Әңгімелесу мен пікір алысу, талдау, әр құбылысты ой елегінен өткізу тыңдаушылардың ойын жинақтауға көмек берді, іс-әрекеттерін тереңдетіп, шоғырландырды. Мақсатым – біліктілікті арттыру жүйесінде оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін толыққанды қолдану, курс оқуларының оқу-тақырыптық жоспарына оқудағы жаңа тәсілдерді ендіру. Бұл тәсілдің оқытуда жетістіктерге жеткізетініне сенімім мол. Кәсіби дағдыларды дамыту жұмысының мақсаты – шеберлікті жақсарту, өзгерту және бағыттау. Осы негізде мұғалімнің жеке көзқарасының өзгеруі үшін басқалармен кеңесудің, мәселені бірігіп шешудің мәні зор. Мұғалімдерді дамыту жөніндегі жұмысқа жетекшілік етудің негізгі мәселелері тренердің жеке іс-тәжірибесінің тиімділігіне тікелей байланысты. Жұмыс кәсіби мән-мәтінге негізделеді. Оқыту басқару мен көшбасшылық құндылықтарға бағытталса және кәсіби мақсаттарды көздесе ғана табысқа ие болады.

### Әдебиет

1. Ж. Пиаже. Баланың тілі және ойлауы // Москва – Ленинград, 1932 ж.
2. Д. Халперн. Сыни ойлау психологиясы // Санкт – Петербург, 2000 ж.
3. А. Құнанбаев . Екінші қара сөзі. Жинақ. Алматы, 2012 ж. 26.
4. Н. Мерсер мен Литлтон. Диалог және ойлауды дамыту // Лондон- 2007.
5. Д. Барнс: «Сыныптағы тіл және оқыту» Лондон – 1977
6. Н.Мерсер және Ходжкинсон: «Мектептегі зерттеушілік әңгіме» Лондон – 2008.
7. Л. Выготский: «Ой мен тіл» 1934 ж
8. Д. Дьюи. «Ойлау психологиясы және педагогикасы» Москва, 1997
9. Хертс Кам Нетворк «Мұғалімнің көшбасшылығы» халықаралық жобасы, 2000

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА МӘНЕРЛЕП ОҚУДЫ ДАМУ

*А.Қ. Әлінаева*

*Т.П. Праслов атындағы ЖОББМ Прииртышск  
Железінка ауданы, Павлодар облысы*

Қай ұстаз болмасын өз шәкіртінің дұрыс сөйлеп, ойын шебер жеткізе білгенін қалайды. Бұл орайда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің рөлі ерекше деп ойлаймын. Баланың сөз мағынасын, сөйлеу мәнін ұғынуда мәнерлеп оқудың да маңызы зор. Әдебиетті оқытуда мәнерлеп оқытуға көп мән бере қарау керек. Сондықтан да мен бұл жұмысымды «Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында мәнерлеп оқуды даму» тақырыбында алып отырмын.

Мәнерлеп оқу – әдебиетті талдаудың негізі, бастау көзі. Әрбір әдеби шығарманы оқып меңгерудің басы көркем мәтінді мәнерлеп оқудан басталады.

Мәнерлеп оқу – әдеби талдаудың ешқайсысымен алмастырылмайтын ерекше қабылдау үдерісі болып табылады. Әр буында, әр сөзде, сөз тіркесінде, әрбір сөйлемде орныққан интонация сол сөзді айтып тұрған кейіпкердің жан-дүниесін мәнерлеп оқып тұрған оқушыға бірден ұғындыратыны сөзсіз.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында бастауыш сатыдағы «Ана тілі» пәнінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде «Оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру (дауыстап оқу мен іштей оқу; дұрыс оқу, саналы оқу, мәнерлеп оқу)» екендігі аталып өтілген (1,49). Бастауыш сынып оқушыларын дұрыс оқуға үйрету үшін қойылатын талаптың бірі – мәнерлеп оқу. Дауыс интонациясын сақтап оқығанда ғана бала дұрыс оқиды әрі оқығанын түсінеді. Бұдан шығатын қорытынды: оқудың сапалары бірімен-бірі тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып отырады.

Түсініп оқу үшін дұрыс оқу керек. Мәнерлеп оқу үшін оқып отырғанын түсініп оқу керек. Мәнерлі оқылмаса, дұрыс оқиды дей алмаймыз. Ендеше бастауыш сыныпта мәнерлеп оқуға үйрету сауат ашу кезеңінен басталады. Сауат ашу кезеңінің дайындық сатысынан бастап сөйлеуге үйретеміз. Ал оның басты үлгісі – мұғалімнің өзінің дауыс интонациясы арқылы сөйлем не мәтіндегі негізгі ойды жеткізу, мазмұндық ой екпінін қоя білу, кейіпкер көңіл-күйін сезіне оқу. Профессор С. Рахметованың анықтамасына сүйенсек, «мәнерлеп оқу дегеніміз – дауыс интонациясы арқылы автордың ойын білдіру, мазмұндық ой екпінін дұрыс қоя білу, ақырында оқығанды түсініп, кейіпкердің көңіл күйін сезіне оқи білу». Мен зерттеу жұмысымда осы анықтаманы басшылыққа ала отырып, мәнерлеп оқуды қарапайым сөйлеу тіліне жақын, еркін оқу, дауысты құбылтып, тыңдаушысына әсерлі етіп жеткізу деген тұжырымға сүйенемін.

Жалпы мәнерлеп оқу дегенде тек поэзияны ғана мәнерлеп оқи білу деп түсінбеуіміз керек. Мен өзімнің қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында әрбір қарапайым сөйлемді дұрыс нақышына келтіре оқи білу, әрбір кейіпкер сөзін сол кейіпкер бейнесінде толғай білу, әрбір мақалдың негізгі ойын дұрыс айтып жеткізе білу, әрбір өлең жолдарын мәнімен, ұйқас, ырғақтарын ұғып тұрып жеткізу жолдарын үйретуге тырысамын. Ол үшін бала ең алдымен оқиын деп тұрған сөйлемнің, мақалдың немесе өлең жолдарының мағынасын, айтпақшы ойын анық түсіне білуі керек.

Екіншіден, әрбір тыныс белгісінің мәнін ұғып, соны дұрыс пайдалана білуі тиіс.

Үшіншіден, өлең сөздің ұйқас ырғақтарын, бунақ тармақтарын ажырата білуі керек. Демек, бұдан келіп шығатын қорытынды нағыз мәнерлеп оқи білетін бала қазақ тілі мен әдебиеті теориясынан толық білімді болып шығады екен. Бұлай дейтін себебіміз, егер оқушы қазақ тіліндегі тыныс белгілерін (пунктуация) не үшін қойылатынын, әдебиет теориясында теңеу, эпитет, метонимия, метафора, т.б. сияқты ұғымдардың қандай жерлерде не мақсатпен жазылатынын білмесе, онда оқушының мәтін мазмұнын дәл ұғып, түсінуі қиындау болар еді.

Міне, бұл жолдарды оқығанда оқушы сыр сандықтың адамның жан дүниесі (метафора), сым перненің көңіл – күйі (метафора) және әр шумақтың бунақ, тармақтан тұратынын ажырата білуі керек, сонда ғана ол ақын жанын түсініп, сезіміне еніп, тыңдаушы жүрегіне сол сұлу сазды, сырлы назды жеткізе алады.

М. Әуезовтың «Көксерегінде» Құрмаштың әжесінің мына бір сөзіне назар аударайықшы:

«Тұу, мына кәпірдің екі көзі жап – жасыл боп кетіпті – ау, тұқымын сезген екен мына жүзіқара; Қой, балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық», – деп еді.

Бұл сөйлемді оқығанда оқушы ең алдымен көпті көрген көне көздің байқағыштық қасиетін көре білуі тиіс, екіншіден, бұл сөйлемнің иесі жас адам емес, қарт әже екенін ұмытпауы керек, үшіншіден, қасқыр тұқымының жыртқыштық қасиетін жан – дүниесімен сезінуі қажет. Сонда ғана қарт әженің аузынан шыққан бір ауыз құдіретті сөз тыңдаушысына өз мәнінде жетеді.

Енді осы қасиеттерді балаға қалай меңгертуге болады? Ол үшін мынадай сызбаны (1 сызба) негізге ала отырып, келесі жұмыстарды жүргіздім:

– мәтінді жанрына қарай өзім оқып, таныстырамын; – тыныс белгілерінің қойылу ерекшеліктерін сұрап, білгенін өзім түсіндіріп өтемін:

– оқушыға іштей оқытып, сөйлем немесе шумақ мазмұнын ұғып алуына мүмкіндік беремін.

– жеке-жеке оқушыға даралап оқыттырамын;

– балаларға кезекпен немесе барлық сынып оқушыларына бірден дауыстап оқытамын ( бұл, әсіресе, төменгі сыныпқа қолайлы);

– егер кейіпкер сөзі не диалог болса баланың сол бейнеге енуіне жағдай жасаймын;

– теледидардан берілетін кештер мен айтыстарды үнемі көріп отыруын тапсырып, қадағалаймын;

– тек оқулық көлемімен шектелмей, өздерінің ұнатқан шығармаларын жаттап, сынып алдында айтуына мүмкіндік беремін (бұл баланың ізденуіне мүмкіндік);

– мәнерлеп оқуды өте жақсы меңгерген оқушыларды сынып алдында жеке оқытамын, әр түрлі шараларға қатыстырып отырамын;

– баланың бет – қимылын қозғалысын қалыптастыруға бағыт беремін (бұл баланың алға ұмтылуына, талпынуына жағдай жасайды).

Бұл талаптарды жаңа сабақтарда, блок сабақтарында, үй тапсырмаларын сұраған кезде жүзеге асырып отырамын.

Көркем шығарманы мәнеріне келтіріп, әсерлі оқу үшін ең алдымен дыбыстау мүшелерінің қызметіне, әр дыбыстың жасалуына, естілуіне, оқылуына баса назар аударып, түрлі жаттығулар жасатып отырған жөн. Оқудың, сөйлеудің мәнерлі болуы дұрыс, еркін дем алуға байланысты. Оқу процесіне ауаны керегінше жұтып, сыртқа бірден сарқып шығармай, ерікті түрде дем алып, орынды пайдалана білсек, бұл мәнерлі оқудың негізгі құралы болмақ.

Мәнерлі оқуда дауыстың маңызы зор. Дауыс сөйлеу мүшелері мен ауаның бір-біріне соқтығысуымен жасалады. Соның ішінде дауыстың ажыратылуы дауыс шымылдығына тікелей байланысты. Дауыс шымылдығына пайда болған үн қуыс мүшелері арқылы өткенде әр түрлі реңге ие болады.

– мұғалім әңгімелесу үлгісінің бірнеше түрлерін магнитофон таспасына жазып алып тыңдатуына болады;

– сөйлеу техникасына жаттықтыру, дыбыстау мүшелерінің қызметін дұрыс түсіндіру. Ол үшін мұғалім әрине, сөйлеу техникасына нелер жататынын білуі тиіс. Сөйлеу техникасына мыналар жатады: тыныс алу (ауаны ішке жұту мен сыртқа шығару), дауыс, дикция.

Дыбыстау мүшелері негізі үш бөліктен тұрады:

1. Өкпе
2. Тамақ
3. Қуыс мүшелері (ауыз қуысы мен мұрын қуысы) (3).

Өкпенің атқаратын қызметі өте зор. Өкпе кеуде кеңістігіне орналасқан тыныс мүшесі. Ауаны ішке таратқанда өкпе үлкейіп, кеудені керіп тұрады да, ауаны сыртқа шығарғанда семіп қалады. Оқудың, сөйлеудің әсерлі де мәнерлі, құлаққа жағымды естілуі тек қана дұрыс, еркін дем алуға тікелей байланысты. Еркін дем алмаған жағдайда сөз анық естілмей, сөйлем мағынасы сақталмай, бір сөйлемнің аяғы екінші сөйлемнің басы қай жерден аяқталып, қай жерден басталғанын ажырату қиынға түседі. Сондықтан дем алу ерікті дем алу, еріксіз дем алу болып бөлінеді.

Ерікті түрде дем алғанда өкпеге енген ауадан көкірек пен қабырғаның жоғарғы жағы көтеріліп, қабырғаның төменгі жағындағы бүлкілдек еттері (диафрагма) қозғалысқа түседі.

Еріксіз дем алу көбіне сөйлеу тілінде асығыстықтан, жүріп келе жатып сөйлегенде жиі кездеседі.

Сөйлеу мүшелерінің физиологиялық құрлысында кемшіліктер болмаса, дауыс таза, күшті шығады. Ал сөйлеу мүшелерін күтпей, суыққа шалдырса, дауыс қырылдап, өз дауысы немесе мінгірлеп, түсініксіз болуы мүмкін (4).

Әр адамның өз дауысы болады, өйткені әр адамның өзінше анатомиялық, физиологиялық ерекшеліктері бар.

Дауыстың өзіндік сапасы болады, олар: дауыс күші, қарқыны, тембр.

Сөйлеу, не оқу кезінде дауыс күші бірде жоғары, бірде төмен болады. Мысалы: құмырсқа мен қара қоңыз бір сыныпта оқып жүр.

Құмырсқа күн сайын бес алып, қоңыздың күнделігі екіге тола береді деген сөйлемдерде көтеріңкі дауыстап оқылатын сөздер – бір сыныпта, күн сайын, екіге, ал жай, төмендеп оқылатын сөздер – құмырсқа мен қара қоңыз, құмырсқа бес, қоңыздың күнделігі.

Осы сөздерді оқудағы дауыс қарқыны (темпі) орташа болып келеді. Бұл сөйлемдерді тез оқуға болмайды.

Ал дауыстың тембрі (құбылуы) тыңдаушыға әсер ететіндей болуы керек. Құбылта оқу шығарманың мазмұнына дұрыс түсінгенде ғана іске аспақ.

Дауыстың құбылуын, әсіресе мысал жанрында берілген көркем шығармаларды оқығанда анық байқауға болады. Мәнерлеп оқуда дикцияның мәні зор. Дикция сөйлеудің тазалығы мен ашықтығы. Бастауыш сынып мұғалімдерінің, дикция ашық, таза болуы керек, сөйлеу тілінде мүкіс болмауы керек. Ол үшін мұғалім дыбыстардың жасалуының артикуляциясын жақсы біліп, сөйлеу барысында оны дұрыс қолданып, оқушыларынан да соны талап етіп, түрлі артикуляциялық жаттығулар жасап отырғаны жөн. Мәнерлеп оқуда дауыс ырғағы-интонацияның орны бөлек. Көркем сөз оқушы адамның шығармадағы кеңіректердің көңіл-күйі, ішкі сезімін, жан-дүниесін тыңдаушыға сан алуан дауыс сазы арқылы жеткізуін интонация дейміз. Интонация дұрыс болу үшін оның элементтерін дұрыс бір-бірімен ұштастыра пайдалануымыз керек.

Олар дауыс күші, тембрі, екпін, пауза түрлері сөйлеу (мелодия) нормативтік дауыс ырғағы.

Дауыстың күші, темпі (қарқын), тембрі туралы жоғарыда түсінік беріліп кетті. Енді қалған элементтеріне қысқаша түсінік берелік. Интонацияны сақтауда кідірістерді дұрыс пайдаланудың маңызы зор. Кідірістер (пауза) логикалық, психологиялық, грамматикалық болып үшке бөлінеді. Әрбір сөйлемде айтылатын ойға қазық болатын жеке сөз, не сөз тіркестері болады. Бұл сөздер сөйлемдегі басқа сөздер мен сөз тіркестерінен көтеріңкі оқылып, тыңдаушының назарын өзіне аударады. Мұндай сөйлем ішіндегі мағына жағынан мәні басым сөздерге логикалық екпін түсіріліп, логикалық кідіріс жасалып, мәнерлі оқылуы керек. Мысалы, Сүлеймен деген патша кірпі мен қарғаға былай деп бұйрық береді:

– Сен, қарға, бір күнде жер дүниені аралап, жақсы сайрайтын құс тап. (Қазақтың халық ертегісінен).

Бұл сөйлемде логикалық кідіріс «Сүлеймен деген патша», «сен, қарға», «бір күнде» деген сөз тіркестерінен соң жасалады. Өйткені, ой екпіні осы тіркестерге түсіп тұр.

Логикалық кідіріс жасап, ой екпінін дұрыс білу үшін сөйлем мағынасына, сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен грамматикалық байланысын таба білу керек.

Психологиялық кідіріс тексттің мазмұн-мағынасына, ондағы кейіпкердің іс-әрекетіне, оның көңіл-күйінің құбылуына байланысты оқылады. Мәтінді оқығанда психологиялық кідіріс дұрыс жасалса, тыңдаушы әрі қарай не болатынын тағатсыздана күтеді.

– «Біраз сайрасам қайтеді?...», – деп ұмтыла бергенде, бұлбұл пыр етіп ұша жөнеліпті («Мақтаншақ жолбарыс»).

– Бұл мысалда психологиялық кідірістер «сайрасам қайтеді», «жолбарыс», «сайрағанды көрсетейін» деген тіркестерден кейін қойылады.

Сабақтың үшінші кезеңі – толғаныс сатысы. Оқушылар осы кезеңде үйренгенін саралап, салмақтап ой елегінен өткізеді. «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Автор орындығы», «Эссе», «Семантикалық карта» стратегияларын қолданамын. Осы тұста әр оқушы өз шығармашылығын көрсете алады. Бір сабақтың үстінде бірнеше стратегияларды қолдану шарт емес. Басты мақсат – тақырыпты толық ашып, меңгерту.

Сабақ соңында оқушылармен жүргізілетін «Не үйрендік? Қандай сұрағың бар? Сенің пікірің?» сұрақтары төңірегінде ой қозғау, оқушылардың пікірін білу келесі сабағыма бағыт-бағдар сілтеп отырады. Оқушыларымының осы сұрақтарға жауабын тыңдай отырып, олардың көзқарастарымен санаса отырып, келесі сабағымды жоспарлаймын.

Өткізген сабағымнан химиялық элементтердің тотығу дәрежелері, формулары бойынша қосылыстардағы химиялық элементтердің тотығу дәрежелерін анықтау

**Сабақтың тақырыбы:** химиялық элементтердің тотығу дәрежелері, формулары бойынша қосылыстардағы химиялық элементтердің тотығу дәрежелерін анықтау

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: химиялық элементтің тотығу дәрежелерін, қосылыстардағы химиялық элементтердің тотығу дәрежелерін анықтау туралы түсінік;

Дамытушылық: химиялық элементтің тотығу дәрежелерін, зарядтары, теңдеу арқылы дәрежесін анықтау туралы ұғым, ой-өрісін дамыту;

Тәрбиелік: топпен жұмысқа және өзіндік ой қорытуға, шапшаңдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: жаңа сабақ

Сабақтың әдіс – тәсілдері: топпен жұмыс, «шындық па әлде жалған ба?» «блиц кездесу»

Көрнекілігі: слайд, Д.И. Менделеевтің периодтық кестесі

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Психологиялық ахуал: картопты егу

Тотығу дәрежелері бойынша топқа бөлу.(+, -, 0)

Үй тапсырмасын тексеру.

Шындық па, әлде жалған ба?

Алдарыңызға берілген карточкаладағы сұрақтарға жауап беру үшін тек дұрыс болса «Ш» әріпімен, ал қате болса «Ж» әріпімен белгілеңіздер.

I – топ

Сутектің химиялық таңбасы Hg болып табылады

Сутекке металл натридi қосқанда тұз қышқылы пайда болды.

Күкірт қышқылының формуласының құрамында күкірт бар

Белсенді металл мен суды қосқанда металл гидроксиді мен сутек газы түзіледі.

II – топ

1. Кипп аппаратымен тұз қышқылын алады

2. Белсенді металмен қышқыл әрекеттескенде тұз және сутек газы түзіледі

3. Сутектің түсі қызыл

4. Сутектің судағы массалық үлесі 1,11%

III – топ

1. Сутегі латынша «су тудырушы» дегенді білдіреді

2. Сутек пен күкіртті әрекеттестіргенде шіріген жұмыртқа иісіндей иісі бар күкіртсутек газы бөлінеді

3. Сутек дегеніміз тұз тудырушы дегенді білдіреді

4. Жер қыртысында сутектің массалық үлесі 18%

Элементтерде қандай зарядтар болады?

Тақырыпқа шығу мақсатын ашу.

Ионды қосылыстардағы ионның заряды, полюсті ковалентті қосылыстардағы атомдарының шартты заряды **тотығу дәрежесі** деп аталады.

Тотығу дәрежесін « + » немесе « - » белгілермен көрсетеді. Кез келген күрделі қосылыстарда әрбір атомға белгілі бір тотығу дәрежесі сәйкес келеді.

Мысылы, HF – да сутектің тотығу дәрежесі +1, ал фтордікі – 1.

Биэлемент қосылыстардың химиялық формуларында, негізінде, бірінші орынға электротерістігі кіші және соған сәйкес оң тотығу дәрежелі элементтің таңбасы жазылады (мысалы, металдар). Одан соң электротерістігі үлкен теріс тотығу дәрежелі элементтің таңбасы жазылады.

Көптеген химиялық элементтердің тотығу дәрежесінің мәні өзгермелі. Мысалы, күкірттің тотығу дәрежелері H<sub>2</sub>S қосылысында – 2, SO<sub>2</sub> қосылысында +4 , ал SO<sub>3</sub> қосылысында +6. Жай күкірттің тотығу дәрежесі 0 – ге тең. Басқа да химиялық элемент атомдарының жай зат ретіндегі тотығу дәрежесі нөлге тең деп алынады.

Қосылыстардағы химиялық элементтің тотығу дәрежесінің сандық мәні, біріншіден, осы элементті электротерістігіне, екіншіден, онымен байланысқан басқа химиялық элемент атомының электротерістігіне байланысты.

Үлкен қосылыстардағы элементтің тотығу дәрежесін қалай анықтауға?

Мысалы, KMnO<sub>4</sub> қосылысындағы марганецтің тотығу дәрежесін анықтау. Алдымен қосылыстағы тұрақты тотығу дәрежесін үстіне жазамыз. Ал белгісіз элементтің үстіне x қоямыз. Теңдеу құрамыз:

$$\begin{aligned} & \text{KMnO}_4 \\ (-1) + x + (-2) * 4 &= 0 \\ 1 + x - 8 &= 0 \\ x &= 8 - 1 = 7 \\ x &= +7 \end{aligned}$$

Келесі мысал

$$\begin{aligned} & \text{FeSO}_4 \\ (+2) + x + (-2) * 4 &= 0 \\ 2 + x - 8 &= 0 \\ x = 8 - 2 &= 6 \\ x &= +6 \end{aligned}$$

Күрделі қосылыстағы элементтердің белгісіз тотығу дәрежесін, оның жанындағы элементтердің белгілі тотығу дәрежесіне сүйеніп есептеп шығарады.

Қорытындылау.

«Блиц кездесу» осы ойын арқылы бүгінгі сабақта не түсінгенін бір-біріне қарама-қарсы тұрып айтады.

Үйге тапсырма: §66 №3,4,5

Бағалау.

### Әдебиет

1. «Білім берудегі инновацилар: тәжірибе, мәселелер мен болашақ» халақаралық ғылыми – практикалық конференциясының материалдарының жинағы. Павлодар 2012 жыл

2. Нәтижеге бағытталған білім. «Педагогикалық тәжірибедегі инновация» сериясы. Павлодар: ЭКО, 2012 жыл

3. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.

4. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан».

5. Н.Ә.Назарбаев – 2050 жолдауы

6. Қазақстан мектебі журналы № 2-3, 2012 ж

7. 12 жылдық білім журналы № 4, 2011 ж.

8. И. Нұғыманов. Химияны оқыту әдістемесі // Алматы:Print- S 2005

9. А.Салихова. Оқушылардың шығармашылығын дамыту// Ғылыми-әдістемелік журнал, № 5 – 2009 ж.

## **«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ АЯСЫНДА БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Ж.А. Жасталапова**

*Академик Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік – техникалық институтының колледжі, Павлодар қ.*

«Қазақстан – 2050» – қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» Стратегиясында рухани тұтастану мен ұрпақтар жалғастығы, ұлттық сана-сезім мен жаңа қазақстандық патриотизмнің белгіленген бағдарға орай қалыптасуы мәселелерімен сабақтас сауалдардың маңыздылығына



тоқтала отырып, Президент жақын болашақта аса қуатты да күшті Қазақстан мемлекетін өркениетті жолмен құруға барлық жағдай жасалғандығына айрықша назар аударды.

«Қазақстан – 2050» жаңа стратегиялық бағытын жүзеге асыру бойынша ерекше жауапкершілікті мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқына жүктей отырып, Президент ұлттың мәдени коды (тілі, руханияты, дәстүрлері) сақталғанда ғана уақыт үніне ілесе алатынымызға көңіл бөлген болатын. «Ұлт өзінің мәдени кодын жоғалтатын болса, ұлттың өзі де жоғалады. Абыройлы тарихымыз, даңқты ата-бабаларымыз туралы жады естеліктері ғана бізге алдағы уақытта қиындықтарға төтеп беруге көмектеседі». Осы орайда ұлттық идеологиялардың жасампаздығы мен ұлттардың осы жолда бейне бір «өз» мүддесі үшін күрескендей қайсарлық танытуы, сондай-ақ осы айтылғандар болмаған жағдайда ұлт және оның тарихи өміріндегі перспективалар жөнінде мүлде сөз қозғау қажет еместігі туралы көптеген ғалымдардың көзқарас-пікірлері әбден орынды.

Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағдарының басым бағыттарын анықтай отырып және жақын келешекте қуатты Қазақстан мемлекетін құрудағы жастардың ролі мен жауапкершілігін айқындай отырып, Президент оларды ұлттық сана-сезімі мен тарихи санасының жан-жақты қалыптасуы мәселесінің маңыздылығын барынша нақтылаған болатын.

Ұлттық сана-сезім қазіргі адам санасының ажырамас бөлігі болғандықтан, бұлай болуы заңды. Өркениетті елдердің баршасында қилы мәдени мағыналарды іздестіру мақсатында сан алуан ой-әрекет түрлеріне араласып, сұхбат жүргізе алатын ұлттық мәдениетті ұстанушы адамды тәрбиелеу заманауи білімнің мән-маңызы болып табылады.

Білім алушы жастарға ұлттық тәрбие беру мәселелері жөніндегі ғылыми зерттеулерде келесілер атап көрсетілген: тұлғаның ұлттық сана-сезімі ұлттылы туралы ой-пікірді, ұлттың өткен тарихына, бүгінгі мен болашағына деген көзқарасты, ана тілін үйрену мен төл мәдениетті зерделеп танудағы белсенділікті, ұлттық мүдде мен құндылықтар бағдарын түйсіне отырып қабылдауды білдіреді.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, соңғы онжылдықтарда жастар арасында рухани-адамгершілік дағдарыстың барлық аспектілерде (адамгершілік, әлеуметтік, физикалық, психикалық) күшеюіне байланысты қоғамның аса күрделі кезеңді бастан өткеріп жатқандығын тілге тиек етпеу мүмкін емес. Мұндай тұжырымға Қазақстан жастарының белгілі бір бөлігінде ұлттық сана-сезім мен ділдің, азаматтылық пен патриотизмнің төмен деңгейде болуы негіз бола алады. Бұл, ең алдымен, өз халқының тарихын, тілін, салт-дәстүрін білмеу сынды сипаттамадан анық аңғарылады. Әсіресе бұл жағдай қазақ жастарының арасындағы туған тілі мен тарихын, салт-дәстүрлерін білмегенімен қоса, осы мәселе жөнінде терең ойланып-толғанбайтындарына тікелей қатысты. Осылайша олар келесі ақиқатты көзден таса қалдыратыны анық: халықтың

жойылуы үшін оның физикалық тұрғыда қырғынға ұшырауы міндетті емес – оны жадыдан, ой мен сөзден айыру жеткілікті, сөйтіп халықтың жаны өлім құшады. Өз халқының төл мәдениетін, оның өткені мен бүгінін білмеу ұрпақтар сабақтастығының, замана жалғастығының үзілуіне әкеліп соғатындығы, ал мұның тұтастай алғанда адам мен халық дамуына айтарлықтай нұқсан тигізетіні тарихтан белгілі.

Жастар арасында алуан түрлі мәнге ие діни көзқарас-пайымдардың көбеюі, кәметке толмағандардың арасында қылмыстың өсуі, маскүнемдік, шылым шегу, нашакорлық, өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының жиілеуі, жезөкшелік, аталған жастық ортада зұлымдық, қатігездік, агрессия, т.б. белең алуы көкейкесті мәселелерге айналып барады.

Жастардың кей бөлігінің Отан қорғауға дайын еместігі әлі де тұрақты үрдіс болып қалып отыр. Бұл әскери қызмет пен әскери мамандыққа деген теріс көзқарастан, жастардың дене дайындығының жеткіліксіздігінен айқын аңғарылады.

Жастардың рухани-адамгершілік деңгейінің төмендеуі келесі деңгейлерде тікелей көрініс тапқан: 1) ұлт денсаулығы; 2) ұлттың зияткерлік әлеуеті; 3) ұлттың бәсекеге қабілеттілігі; 4) еліміздің тұтастай ұлттық қауіпсіздігі. Жастар – біздің мемлекетіміздің келешек тағдырына жауапты буын.

Күллі әлем қауымдастығы жастарға әлеуметтік құбылыстардың аса маңызды субъекті, қоғамның адамгершілік барометрі, ғаламат инновациялық күш-қуат және стратегиялық ресурс ретінде қарайды. Сондықтан да біз қазіргі жастардың, әсіресе студенттердің ұлттық сана-сезімінің қалыптасу деңгейі және осыған сәйкес патриотизм, азаматтылық пен әлеуметтік белсенділіктерінің деңгейі қандай болатындығына енжар қарай алмаймыз.

Бүгін бәсекеге қабілетті адамзат капиталы бар елге жол, жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына жол, өмірдің мүлде жаңа сапасына жол ұлттың рухани-адамгершілік түлеуі арқылы ғана ашылады деген қағида аксиомаға айналуы тиіс.

Қазақстан колледждеріне «Мәңгілік Ел» сынды пәнді енгізу қажеттілігін дәл осы көзқарас тұрғысынан зерделеген жөн.

«Мәңгілік Ел» пәнін Қазақстан колледждарына енгізудің маңыздылығы бүгінгі таңда мемлекетімізде жаһандану мен әлемдік білім кеңістігіне кірігу үдерістері қарқынды жүргізіліп жатқандығымен де негізделеді. «Жақын болашақта мемлекетімізге кәсіби біліктілігі жоғары мындаған мамандар мен дипломды ғалымдар қажет болады. Қазақстанның әлемдегі мейлінше бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосылуын жоғары кәсіби білікті мамандар жүзеге асырған жағдайда ғана бұл міндет іс жүзінде шешімін таппақ.

Білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырдағы адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Бүгінгі студенттер осыны жақсы түсінуі тиіс. Дамуды көздемейтіндер мен алға баспайтындарға өз орнын неғұрлым бәсекеге қабілетті маманға босатуға тура келеді. «Мак Синти»

атты беделді халықаралық консалтинг компаниясының кеңесшілері айтқандай, «Алға, әйтпесе жол бер». Қазіргі бәсекелестік әлемін осындай ұстаным билейді.

Ұлттың заманауи әрі тиімді білім беру жүйесін ұстану, оқыту арқылы болашақ мамандардың зияткерлік деңгейін жетілдіру қабілеті бәсекеге қабілеттіліктің сындарлы мәнге ие алғышарттарының біріне айналды (Н.Ә.Назарбаев).

Азаматтардың зияткерлік әлеуетінің жоғары деңгейі мен оны жүзеге асыру мүмкіндіктерінің болуы – әлеуметтік жүйенің қалыпты қызмет етуіне аса қажет жағдай.

Көптеген отандық және шетелдік зерттеулер қоғамның ілгерілеп дамуы оның зияткерлік және басқару ресурстарының даму деңгейіне байланысты екендігін растайды. Француз ғалымы Луи Пастер сонау ХІХ ғасырда-ақ ақыл-ой жұмысы саласында өзгелерден озған халық кашанда алда болатындығын көрегендікпен ескерткен болатын.

Жоғарыда айтылған ой зияткерлік әлеуеті жоғары, ұлт мәдениетінің рухани құндылықтарын сақтап көбейтуге жауапты, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін жоғары деңгейде меңгерген, ұлттық сана-сезім стереотиптерін еңсеріп, өзге мәдениет өкілдерімен салихалы сұхбат алатын мамандардың жаңа буынын, әлеуметтік белсенді қоғам мүшелерін тәрбиелеу мәселесінің өзектілігін айқындай түседі.

Бұл мәселені шешу жолында «Мәңгілік Ел» пәнінің орта мектепте ғана емес, жоғары мектепте де міндетті пән ретінде енгізілуі теңдессіз роль атқаруы тиіс. Болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру моделі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызды құрамдас бөліктері негізінде түзілуі тиіс:

- а) этнос қалыптастырушы – тұлғаның этникалық барабарлығы мен этникалық әлеуметтенуіне бағытталған;
- б) азаматтық – тұлғаның азаматтық барабарлығына бағытталған;
- в) жалпыұлттық – болашақ маман тұлғасының зияткерлік және бәсекеге қабілеттілік сапаларын дамытуға бағытталған.

Болашақ мамандар үшін (мемлекет құрушы ұлт өкілдері үшін) ұлттық сана-сезімнің үздіксіз дамуы олардың ұлттық мәдениетпен етене бірлікте тіршілік етіп, ұлттық және жалпыадамдық құндылықтарға иек артуын қажет етеді.

Тұлғаның этникалық барабарлығы, этникалық әлеуметтенуі деңгейінде болашақ маманның ұлттық сана-сезімін қалыптастыру ана тілін үйрену, қазақ халқының тарихымен, рухани және материалдық мәдениетімен, оның ұлттық ділімен, дүниетаным ерекшеліктерімен, салт-дәстүрімен, құндылықтар бағдарымен танысу және оларды іс жүзінде басшылыққа алу арқылы жүзеге асуы тиіс.

Болашақ маманның ұлттық сана-сезімінің қалыптасуындағы негізгі кезеңдер: қазақ халқының, Қазақстанның біртұтас халқының өзіндік тарихы мен ұлттық мәдениет ерекшеліктері туралы білім мен көзқарас-

пайымдарды игеру кезеңі; эмоционалдык сезім-күйді бастан кешіру кезеңі (Отанды сүю мен жерге деген қимастық сезімінің қалыптасуы, ұлттық мақтаныш сезімі, атамекен тағдырына жауапкершілік); қазақ халқына, Қазақстан халқына хас ұлттық мәдениет құндылықтарын, дәстүрлерін сақтауға бағытталған этносхема мен қалаулы әрекеттер этномоделінің түзілу кезеңі. Осыған сәйкес мемлекет құрушы ұлт өкілдері үшін этникалық барабарлық пен этникалық әлеуметтену деңгейінде болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру келесі бейнелі ойды қалыптастыруға бағытталуы тиіс: «МЕН – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӨКІЛІМІН. Мен қазақтілін меңгерген, өз халқының ұлттық салт-дәстүрі мен мәдениетін, қалыптасып, даму тарихын біліп қана қоймай, бірлесіп өмір сүріп жатқан халықтар мен ұлыстардың тіліне, салт-дәстүрлеріне, ұлттық мәдениеті мен тарихына құрметпен қараймын. Мен Қазақ мемлекетінде өмір сүретін халықтар мен ұлыстардың бейбітшілігі, тыныштығы, бірігіп нығаюы үшін жауаптымын. Мен мұны өз халқымның ұлттық сана-сезімін, ділін өркениетті түрде дамыту жолы ретінде түйсініп қабылдаймын. Бұл күшті де қуатты Қазақстан мемлекетінің қалыптасу жолы».

Осы ұстанымға сәйкес Қазақстан колледждарында оқу-тәрбие үдерісі ұлттық ерекшелік пен білім мазмұнындағы «ұлттық ерекшелік» ақтаңдақтарының орнын толтыру қажеттігін ескере отырып ұйымдас-тырылуы керек. Сонда ғана тұлғаның ұлттық сана-сезімі, ұлттық сезімі, ұлттық мінезі жайында сөз қозғауға болады. Қандай тәрбие жайында сөз болса да (ұлттық, діни, құқықтық, саяси, (т.б.), ол қашанда жалғыз мән-ге ие – тұлғаның қалыптасу үдерісі. Адам өз ұрпағын өз көзқарас-пайымына сәйкес, сондай-ақ өзі кмір сүретін қоғам талаптарына сай тәрбиелеуге тырысады. Тәрбиеші көзқарасы мен қоғам талаптары сәйкес келген жағдайда ғана бұл міндет неғұрлым тиімді жолмен шешім таппақ. Ол үшін әртүрлі жағдайлар – жалпы және жеке, объективті және субъективті, т.б. ескерілуі шарт. Мейлінше жалпы әрі мейлінше тиімді жағдайдың бірі – тәрбие үдерісінің әдіснамалық негіздеріне арқа сүйеу. «Мәңгілік Ел» пәнінің мақсаты мен міндеттері жаңарған қазақстандық қоғамның сұраныстарына сай болашақ маман тұлғасын қалыптастыруға бағытталған. Демек, олар тәрбие теориясының әдіснамалық көзқарастары негізінде жүзеге асуы тиіс. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызды үш құрамдас бөлігі (этнос қалыптастырушы, азаматтық және жалпыұлттық) аясында болашақ маманның ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда тұлғалық-әрекеттік (субъектілік), жүйелік-тұтастық, аксеологиялық, мәдениеттану-шылық, этнопедагогикалық, этномәдени, көпмәдениетті, күзіреттілік ыңғайлар айтарлықтай маңызға ие.

#### Әдебиет

1. [http://www.metod\\_kopilka.ru/azastan\\_2050\\_strategiyasy.\\_mglk\\_el\\_logotipn\\_erekshelg-4494.htm](http://www.metod_kopilka.ru/azastan_2050_strategiyasy._mglk_el_logotipn_erekshelg-4494.htm)

2. <http://referatikz.ru/forum/6-24-1>
3. ҚАЗАҚСТАН ЖОО-ЛАРЫНДА «Мәңгілік Ел» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ., Пірәлиев С.Ж., Нәрібаев К.Н., Жампеисова Қ.Қ.
4. Қазақстан стратегиясы-2050 «Мәңгілік ел»
5. <http://strategy2050.kz/news/5079>

## **БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ЕҢБЕГІ МӘДЕНИЕТІНІҢ КОНЦЕПЦИЯСЫН ДАЙЫНДАУДЫҢ ПАРАДИГМАСЫ**

***Р.А. Жүсіпбекова**  
№26 ЖОББМ, Павлодар қ.*

Еліміздегі жоғары білім берудің негізгі міндеті маманды тек қана біліммен қаруландырып қоймай, сонымен қатар олардың жеке басының жан-жақты қалыптасуына, дамуына, шығармашылық қабілетінің жетілуіне, кәсіби мәдениеттің қалыптасуына өз дәрежесінде көңіл бөлу, мүмкіндік жасау болып табылады. Студентті тек болашақ маман ретінде ғана қарамай, оны өз қоғамының азаматы, шығармашылық тұлға келешектің иесі, тірегі ретінде тану, соған мүмкіндік жасау қажет. Ал болашақ мамандарды осы айтылғандарға сәйкес дайындау, оның болашақ кәсіби құзыреттілігіне сәйкес білім беруден бастау алады.

Жоғары оқу орындарында оқу үдерісінде болашақ маман даярлауда мынадай басты міндеттердің шешімін табу: оқытудың жетік жолдарын меңгерген маман даярлау; кәсіби пәндерді игерумен қатар, адамгершілік, рухани-мәдени құндылықтарды меңгерген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеу; болашақ мұғалімнің қоғамдағы әлеуметтік белсенділігін арттыру; жалпы педагогикалық, әдіскерлік іскерлігін арттыру; өз бетінше білім ала білу қабілеттерін қалыптастыру; педагогикалық шеберлігін үздіксіз арттырып отыру дағдысын қалыптастыру басты мәселе болып табылады.

Болашақ маманның кәсіби-әдістемелік даярлығын қалыптастыру үшін өзі таңдаған мамандығына сәйкес арнайы ғылыми пәндерден терең, жан-жақты білімі болуы қажет. Білім беру саласындағы негізгі құжаттарды, білім беру стандарты, оқу жоспары, бағдарлама, оқулық, оқу-әдістемелік ғылыми әдебиеттерді, сондай-ақ озық педагогикалық тәжіриберлерді меңгеруі тиіс [1].

Елбасы экономиканы нығайту мен халықтың әл-ауқатын арттырудың жаңа міндеттерін жүктей отырып он бағыт бойынша міндеттер кешенін жүзеге асыруға тиіс екенімізді айтты. Оның ішінде Президент қазақстандықтарды ақпараттық технологияларды белсендірек игеруге шақырады. «Компьютерлік сауаттылықты, соның ішінде әртүрлі ынталандырушы бағдарламалардың есебінен де көтеру қажет» – деп атап көрсетті.

Еліміздегі білім беру реформасы «жалпыға арналған білімнен», «білім әркімге өмір бойы» үлгісіне көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел ену мақсатына сәйкес жеке тұлғаны қалыптастыруға ерекше мән береді.

Тұлғаның «қалыптасуы» деген ұғым педагогика және психология ғылымында, жеке тұлға дамуының нәтижесі дегенді және оның пайда болып, тұтастыққа, бірқалыпты қасиеттерге және сапаларға ие болғанын білдіреді. Демек, қалыптасу дегеніміз – бір нәрсеге форма мен тұрақтылық беру; нақты бір түр беру, яғни баланың ата-анасынан немесе ата-бабаларынан қалған биологиялық ерекшеліктердің жиынтығы. Тұлғаның қалыптасуы өте күрделі және ұзақ процесс. Ол қарама-қайшылықтарды шешумен бұл іс-әрекеттегі ересектердің әрекет күштері мен қабілеттерінің заттық формаға ауысуының бірлігі. Егер, педагогикалық процестің түпкі мақсаты адамның тұлға ретінде қалыптасуы болса, онда педагогикалық процестің элементар бірлігі, оның бастапқы абстракция болып «қалыптасудың қас қағым сәті» (педагогикалық ситуация яғни педагогикалық жағдаят) болуы қажет [2, 15 б].

Парадигма (гр. үлгі деген сөз) – зерттелетін мәселені шешу үшін үлгі ретінде алынған теория; теориялық көз-қарастардың, методологиялық принциптердің, әдістемелік қабылдаудың және эмпиризмдік нәтижелердің бірігу жүйесі; ғылымның белгілі бір даму кезеңінде ғылыми қауымдастықпен қабылданған және болжамдарды ғылыми ұғыну үшін, ғылыми таным процесінде туатын міндеттерді шешу үшін үлгі, модель, стандарт ретінде пайдаланылатын теориялық және әдістемелік ережелер жиыны.

Парадигма ұғымының енуі Бергманның және оны терең талдау, физик, философ Т. Кунт есімдерімен байланысты. Т. Кунт парадигма идеясын ғылым дамуының кезеңдерін анықтауда пайдаланды. Парадигма – ғылым дамуының негізгі өлшем бірлігі ретінде түсіндіріледі. Т. Кунт бойынша, ғылыми білім дамуы мынадай сызба бойынша жүреді: қалыпты ғылым ғылымдағы ауытқушылық ғылымдағы тоқырау жаңа парадигма (альтернативті теориялар бәсекелестігі және бұрынғы парадигманың ауысуы) ғылыми төңкеріс қайтадан қалыпты және одан әрі дамудың жаңа тарауы.

Ғалымдардың пікірлерін тірек ете отырып және талдау нәтижесінде: білім берудің жаңа парадигмасы – жаңа өркениеттік бағдар тұрғысында, мемлекеттік стандарттарға сай, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, интеллектуалдық білім орталығы ретіндегі инновациялық мектепте ғылыми-әдіснамалық негізделген білім берудің концептуалдық моделі деген анықтама берілді [3, 4 б].

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің даму стратегиясын мысал ретінде айтсақ. Миссиясы: кадр потенциалын құру – отандық және шетелдік жұмыс нарығында бәсекелестікке қабілетті жоғары білікті мамандар дайындау.

Болашағы: әлемнің ТОП-200 жетекші ғылыми-зерттеу университеттер құрамына ену. Мақсаты: Классикалық ұлттық университеттен әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2015-2020 жылдарға арналған стратегиялық жобасында 6 стратегиялық бағыт анықталған:

1-стратегиялық бағыт. Білім беру қызметі сапасын арттыру.

2-стратегиялық бағыт. Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет сапасын арттыру және дамыту.

3-стратегиялық бағыт. Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.

4-стратегиялық бағыт. Тәрбие және әлеуметтік жұмысты жақсарту, жастарды мемлекеттің әлеуметтік – экономикалық дамуына қатыстыру.

5-стратегиялық бағыт. Инфрақұрылымды дамыту және жаңа информациялық технологияларды енгізу.

6-стратегиялық бағыт. Қаржы – экономикалық қызмет тиімділігін арттыру.

Сонымен, жоғары оқу орнында болашақ маман есею мектебінен өтеді, белгілі бір мамандықтың иесі болып қалыптасады. Жоғары оқу орындарында педагогикалық білім беру – болашақ маманды қалыптастырудың алғы шарттарының бірі болып табылады. Өйткені бүгінгі студент ертеңгі маман болғандықтан, ол қоғамдық әлеуметтік істерге араласады, адамдармен жұмыс істейді, ұжымдағы адамдар әлеуметтік топты құрайды, оған жас маман мүше болып кіреді. Олай болса, жас маманның адамдардың тәрбиесінде де ықпалы болады. Педагогика- тәрбие туралы ғылым болғандықтан, оның қағидалары адамдармен жұмыс істегенде тәрбие құралы бола алады.

Тәрбиелеу туралы педагогика тағылымдарымен қаруланған маманға адамдармен жұмыс істеу, оларға мәдени-тәрбиелік ықпал ету қиыншылық туғызбайды. Дүниеде өтіп жатқан процестерді түсініп, оларға баға беру, қоғамдық қатынастар арасында рухани өсу және үйлесімділік табу, тәрбиенің басты мақсаттарын көрсете білу, адамдар мінез-құлықтарындағы келеңсіздіктерді жою шараларын алу, қоғамды өзін-өзі ұйымдастырып, үздіксіз дамып отыратын жүйе ретінде түсіну үшін жас маманға білім тірек бола алады. Адамдарды еңбек етуге үйрету қажет, бірақ адам бойындағы адамгершілік кемтарлықты жоюға мұның бәрі жеткіліксіз.

Адамның танымға, жоғары білімге ұмтылуы қандай нәтиже берді? Ол жеке адамды сыртқы зорлық-зомбылықтан азат етіп, оған ішкі мазмұн берді. Ол азат адамгершілік формасындағы адамдық бастауды жүзеге асыра отырып, адамды нағыз адам етеді. Біздің білім жолында тоқтаусыз өрлеуіміздің басты шарты – бұл қоғамның топтасқандығы, егеменді Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы төңірегінде азаматтық және кәсіби топтасу болып табылады.

---

**Әдебиет**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жолдаулары.
2. Иманбаева С.Т. Болашақ маманның зияткерлік әлеуеті // Егемен Қазақстан. 7 қаңтар 2014 ж. – 3 б.
3. Шокатаева Р.С. Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде болашақ маманның кәсіби мәдениетін дамыту // Педагогика. 17 ақпан 2015 ж. – 9 б.

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМУ*****С.Х. Ибрагимова****Т.П. Праслов атындағы Прииртышск ЖОББМ  
Павлодар қ.***1. Оқушының сөздік қорын дамыту.**

Қазіргі заманда өз ана тілінде таза сөйлеу – әрбір адамның ұлттық мақтанышы, жан азығы. Өз тілін, өз ата – баба, өз елінің жерін менсінбеген ұрпақтан жақсы азамат шығады деп айтуға болмайды. Сондықтан мемлекетіміздің даму барысында ана тілінде таза, мәдениетті, дұрыс сөйлейтін ұрпақты тәрбиелеудің ролі орасан зор.

Ана тілін оқытудағы негізгі мақсат – оқушылардың сөздік қорын, ауызша сөйлеу тілін және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, оларға рухани дүниесін байыту, өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себу. Ол үшін бала айналадағы затты, құбылыс пен болмысты танып білуі тиіс. Соған байланысты оның тіл байлығы мен сөйлей мәдениеттілігі де артады. Баланың өмірді көргені, танығаны көп болса, оның тілі де байи түседі. Оқушының тіл байлығы ауызша түрде де жазбаша түрде де қатар дамытылуы тиіс.

1. Тілдің негізгі элементі – сөздік қор. Ал **сөздік қор дегеніміз** – тілдің құрамының ішіндегі ең тұрақты, талай ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан, жалпы күнделікті өмірде кеңінен қолданылатын халыққа ортақ сөздер жиынтығы. Тілдің негізгі сөздік қоры – тілдің сөздік құрамының ең тұрақты бөлігі. Сөздік қор тілдегі сөздерді ғасырлар бойы сақтай отырып, тілдегі жаңа туынды сөздер мен жаңа мағынаның жасалуына ұйытқы болады. Сөздердің негізгі сөздік қорда кең қолданылуы мен ұзақ сақталуы олардың сөз жасау қабілетін дамыта түседі. Сөздік қордың тіл бірлігін сақтап, көне дәуір әдеби ескерткіштерін ұғынуға, тануға мүмкіндік тудырады.

Ең бастысы оқушылардың өзін сөйлету арқылы сөйлеу тілдері дамиды. Жаттау, мәнерлеп оқу, мазмұнын айта білу, сұрау – тапсырмаларға жауап жазу, кейіпкерлерге мінездеме бере отырып, салыстырмалы әдіске



негізделіп жазылған үлеспелі кестелерді толтыру т. б. Әдістер үзбей қолданылып отырса, жақсы нәтиже берері сөзсіз. Ойды көрікті, мағыналы етіп жеткізуде сөздікпен жұмыс жасаудың септігі мол. Түсінігі қиын сөз, сөз тіркестерін түсіндіру арқылы оқушылардың сөздік қорын дамыту. Сөздік жұмысын үзбей қолдану барысында көркемдегіш ерекшеліктерді танытудағы басты мақсат сөздік қорды жаңа бейнелі сөздермен, сөз тіркестерімен толықтыру негізінде дамыту.

Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын байытуда сөздерді үйретудегі ұстанымдары: – сөздің оқушылардың күнделікті өмірмен байланыстылығын ескеру; – үйретілген сөздің жеңілділігін; – бастауыш сынып оқушыларының ұғымына сөз мағынасының сай келуі; – сөздерді оқытылатын тақырыптармен байланысты таңдап алу; – сөздердің мағыналық ерекшеліктерін ескеру; – сөздердің тәрбиелік, ізгілік ұғымына сәйкестілігін есепке алу және т. б. Сөздік қорының ең маңызды міндеті оқушылардың ауызекі сөйлеуде қолданылатын сөздер қорын толықтыратын сөздерді белсенді ету. Жаңа сөздерді есте сақтаудың тәсілдері мен жаттығулары: 1. Тақтаға сөз жазып, оны буынға бөліп оқыту; 2. Сөз мағыналарын анықтауда ұғымның белгілерін санайтындай жаттығулар (жазу жұмыстары); 3. Жаңадан үйренген сөздерге байланысты шығармашылық жұмыстар (эссе, мазмұндама, шығарма т. б.) жүгізу; 4. Жаңа сөзді кірістіре отырып сөйлем құрастырып, мағынасын ашу; 5. Орфографиялық жаттығуларға жаңа сөздерді енгізу; 6. Сөздік жасату (түсіндірмелі, алфавиттік немесе тақырыптық сөздер, оқушы сөздігі т.б.); Оқушылардың тілін дамыту мақсатын шешуде біріншіден, оқушылардың меңгерген сөзі, сөз байлығы қаншалықты дәрежеде екендігін; екіншіден, оқушыда сөз байлығының, сөз қорының аз болуының себебін, өзіндік ерекшелігін; үшіншіден, тілін байыту мен дамытуда тиімді әдіс-тәсілдерін алдын ала анықтап белгілеу керек. Балалар сөздігін мынадай жолмен байытуға болады: – қоршаған ортаны байқату, аңғарту (табиғатпен, адамдардың қоғамдық және өндірістік еңбегімен таныстыру); – үлкендермен қарым-қатынас әңгіме өткізу, кездесу ұйымдастыру; – арнаулы тілдік жаттығулар жүргізу; – сыныпта және сыныптан тыс оқу (әңгіме мазмұнын талқылау және талдау) барысында т. б.

2. Бастауыш сыныптарда сөздік қорын дамыту үшін ертегі, аңыз, әңгіме оқытудың және сабақ тақырыбына байланысты мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаш пайдаланудың маңызы зор. Баланы қызықтырады, баланы оқи отырып, тыңдай білуге үйретеді және сөздік қорын дамытады. Қиялын дамытып, адамгершілікке тәрбиелейді, тілін ширатып, мінез-құлқын қалыптастырады. Мақал – мәтелдерді қаншалықты білетінін анықтау үшін әрі мейлінше көп меңгерулері үшін осы бағытта сайыс сабақтар ұйымдастырылады. «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» тәрізді сайыстар оқушының тіл байлығының артуына ғана емес, ой-өрісінің, танымының артуына ықпал етпек.

Мысалы, 3-сыныпта ана тілін оқыту барысында мақал-мәтелдермен мынадай жұмыс түрлерін жасауға болады.

Тақырып мазмұнына сай мақал-мәтелдер айтқызу, оны өз сөзімен, ойымен дәлелдету.

Көрініске, табиғатқа, суретке қарап тұрып мақал айту

Мақал-мәтелдер айтысы.

Мақал-мәтелдерге сай оқиға ойластыру.

Мысалы: «Мал – баққанға бітеді».

Асанға атасы базардан бұзау сатып алып берді. Бұзауы сүйкімді, әрі момақан. Асан бұзауына шөп орып, су беруге ерінбейтін. Ербол оған қатты қызықты. Бірақ ол ойынды, сотқарлықты жақсы көретін. Бір күні көршісі Ерболға да ата-анасы бұзау сатып алды. Ербол бірнеше күн бұзауына қарап жүрді, бірақ шөп орып беруге ерініп, ойынға қызығып кетіп қалатын. Суды да уақтылы бермейтін. Бір күні бұзауы ауырып өліп қалады. Мал – баққанға ғана бітедің-деген осы емес пе? Бала тәрбиесінде жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал мәтелдер олардың дүниетанымын, түсінігін, болжағыштығын, ұғымын кеңейтумен қатар, тілін ұстартып ойын жүйелеуге, кеңейтуге әсері мол. Мақал-мәтелдер – ой дәні, сөз мәйегі. Балалардың ақыл-есін молайтып ой-өрісін кеңейтеді, адамгершілікке, адалдыққа, ерлікке, еңбекке, өнер-білімге тәрбиелейді. Ал жаңылтпаш баланың тілін ұштап, асықпай еркін сөйлеуіне, тілін барынша жаттықтыруға көмектесе, жұмбақ – тез ойлауға, шапшаң жауап беруге үйретеді. Мысалы: сергіту сәттерінде «Жаңылтпаш жаттап жарысайық!» ойынын қолдануға болады. Оқушылар жаңылмай, тез, жатқа айтып беруі тиіс. Жаңылыстыратын әрі шапшаң айтылатын бұл сөздердің адамға шешен сөзді болуға септігі мол. Көңіл-күйді көтеріп, күлдіргі сезімін де сыйлайтын қасиеті бар.

Сондықтан мен сабақтарымда балалардың тілін дамыту үшін, осы жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, жұмбақтарды кеңінен пайдаланамын.

Мысалы:

### *Жұмбақтар*

1. Өзінше ноян,

Қорқақ кім... (қоян)

2. Алмастан тыным,

Шабады ... (құлын)

Өздерің де осы үлгіде ойын құрастырып келіндер.

Жұмбақты оқып, қай әріп екенін тап.

Қорада емес сарайда,

Аспанда емес тоғайда.

Отында жоқ күйеде,

Жылқыда жоқ, түйеде.

Қырда емес, сайда бар,

Құнанда жоқ, тайда бар.

Бұл жұмбақты шешетін

Тапқыр бала қайда бар?

Қай әріп? .....

Жұмбақтардың шешуі не туралы? Олар туралы баяндап бере аласың ба?

Алшаң-алшаң басады,

Құйрығында шашағы,

Аң біткен одан қашады. (Арыстан)

3. Оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, оны дамыту көптеген әдістемелік жұмыстардың нәтижесінде ғана іске асады. Соның ішінде сабақтың қызық өтуін қамтамасыз ететін бір әдіс – дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойындар – көп салалы, күрделі педагогикалық құбылыс. Оны балаларды оқыту әдістерінің бірі, оларды жан-жақты тәрбиелейтін құралдардың бірі деп айтуға болады.

Дидактикалық ойын оқыту процесінде мынадай екі мақсатта қолданылады: оқу (танымдық) мақсатта, екіншісі – ойын ойнау мақсатында.

Мұғалім өзі де ойынға қатысады, баланы үйретеді. Бала ойнай отырып, үйренеді.

Бастауыш сыныпта дидактикалық ойындарды жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдалануға болады. Бастауыш сынып оқушылары әлі де ойын баласы, сондықтан мұғалім оларды жалықтырмай әр түрлі ойын түрлерімен сабақты қызықты өткізуге тырысуы қажет.

Дидактикалық ойындар оқушылардың ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға баулиды. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер берері сөзсіз

Ойын әдісі:

Оқушының тілін дамытып, еркін сөйлеу қабілетін жетілдіреді. Оқушылардың сабақта алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін сабақта ойын элементтерін кірістіріп отырудың маңызы зор.

Мысалы: Ойынның шарты бойынша әр оқушы бір сөзден қосып, толықтырып отыруы тиіс. Бірақ сөйлемнің мағынасы өзгермеуі керек. Сөйле мге сөз қосып толықтыра алмаған оқушы жеңіледі.

Мен отырмын.

Мен сыныпта отырмын.

Мен жарық сыныпта отырмын.

Мен жарық, кең сыныпта отырмын.

Мен жарық, кең, жылы сыныпта отырмын.

Көңілді гномдар. Мақсаты: Апта күндерін рет-ретімен дұрыс айтуға үйрету. Кеше, бүгін, ертең деген ұғымдары туралы білімдерін кеңейту. Балалардың логикалық ойларын, зейінін, тіл байлығын дамыту. Ойын: 1) Киімдер. Мақсаты: Киімдердің атын атай отырып білімдерін кенейту, рет-ретімен қоюға үйрету. Бұл ойын арқылы балалардың тілдері дамиды, сөздік қорлары жетіледі. Киім аттарына байланысты сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Үйренген сөздерді бекіту. Сұрақ-жауап ретінде сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Ойын кезінде дұрыс қолдана білуге үйрету. Ойын: «Қуыршақ серуенге барады.» Не істеу керек?» «Күн ыстық немесе суық» «Не киеді» «Киім дүкені»

Оқушылардың тілін дамытуда осындай әдістерді пайдалана отырып, өз ойларын еркін жеткізіп, байланыстырып сөйлеуіне қол жеткіземіз.

Өтілетін тақырып бойынша әр түрлі ойын түрлерін жүргізуден басқа өлең, тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдерді қолдану, түрлі дидактикалық материалдарды пайдалану оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырады.

Сабақта мынадай ойын түрлерін жүргізуге болады: «Кім көп біледі» ойын тәртібі бойынша мұғалім және оқушының алдында санағыш жатады. Берілген тапсырмаға сәйкес дұрыс жауап берген бала таяқшаларды қорапқа салып отырады.

4. Бастауыш сыныптардағы оқудың мазмұны екі үлкен бөлімнен тұрады: көркем және ғылыми-танымдық шығармалар.

Ауыз әдебиетінің мынадай үлгелері: балаларға арналған ойын өлеңдері, төрт түлік жырлары, ертегілер мен аңыз әңгімелер, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар, шешендік сөздер мен билер сөздері, нақыл сөздер мен мысалдар, барырлар жырларының үлгілері, өтірік өлеңдер мен айтыс өлеңдері кең орын алады.

Жазба әдебиет үлгілірімен ақын-жазушыларымыздың балаларға арналған таңдамалы шығармалары қамтылған.

Олар негізінен үш үлкен тақырып төңірегінде топталған:

- Туған елім Қазақстан;
- Табиғат – тіршілік бесігі;
- Адам болу – ізгі ниет:

Тіл байлығы – сөз байлығы. Лингвист – ғалым М. Балақаевтың: «Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда ғана сезілер еді. Ал мұндай шеберлік тек тіл мәдениеті жоғары адамдардың ғана қолынан келер жайт», – деген пікірімен келіспеске болмайды.

Бастауыш мектепте ана тілі сабағында сөздік қорды дамыту жұмыстары түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады:

- 
- сұрақ - жауап;                   – түсіндіру;
  - әңгімелесу;                   – түрлі шығармашылық тапсырмаларды орындату арқылы.
  - әңгімелеу;                   – зерттеу;

Сабақ сайын өтілген тақырып ауқымына қарай кем дегенде екі-үш сөзден болсын оқушының лексикалық минимумы артып отырады. Және барлық үйренген сөзі күнделікті өмірде белсенді қолданыла бермеуі мүмкін. Көнерген сөздер (зат, киім-кешек, салт-дәстүр, музыкалық аспаптар, ай, жыл, қару-жарақ атаулары), кәсіби сөздер т. б. қажеттілік болмаса, үнемі белсенді қолданысқа түсе бермейді. Осыдан келіп сөздік қордағы сөздерді белсенді және белсенді емес сөздер деп қарастыру қажеттігі туындайды.

Тіл байлығын арттырып, оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіруде мәтіндермен жұмыс жүргізу аса маңызды. Көркем мәтінге тақырыптық талдау жасап, негізгі ойын анықтау, кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру, сол арқылы оқушы танымын кеңейтіп, тәрбиелік жағына көңіл бөлу – бастауыш сынып бағдарламасында ескерілетін жайт. Алайда, көркем мәтінді оқыған соң, талдаған тұста сөздік жұмысын жүргізу одан әрі оқушының барынша дұрыс түсініп, барлық талдауларға еркін қатысуына түрткі болады. Тіл дамыту жұмыстары жүйелі жүріп, оны дұрыс меңгеруі үшін әр оқушыда жеке сөздік дәптер болуы керек. Мұғалім оқушылардың дәптеріне төмендегідей кесте сызып беріп, оның тұрақты толтырылуы талап етілсе құба - құп.

Мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді үйрету барысында да оқушының тіл байлығы артады. Оқулықта берілген және басқа да мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді ұдайы үйретіп отыру – мұғалімнің күнделікті жұмысының бір түрі. Үйренгендерін ұмытып қалмауы үшін оны сөздік дәптеріне жаздырып, әр тоқсанда соларды көбейту кестесі тәрізді жатқа жаздырып, бақылау жұмыстарын алуға болады.

Оқушының тілін байыту жұмыстары тіл мәдениетімен тығыз байланысты екені белгілі. Тіл мәдениеті бойынша бастауыш сынып оқушыларына мына талаптар қойылады:

- сөздерді лексикалық, фонетикалық нормаға сай орынды қолдана алу;
- орфография, орфоэпия нормаларын сақтай білу;
- ауызша, жазбаша тілде сөздерді талғап қолдана білу;
- шамасы жеткенше ертегі, әңгіме жаза білу т. б.

Тіл дамытудағы өнімді тәсілдердің бірі – шығармашылық тапсырмалар. Мұндай тапсырмалар – тіл мәдениеті талаптарын жүзеге асыруда аса тиімді. Оның түрлері:

- шығарма, әңгіме жазу;
- сурет бойынша әңгіме жазу;
- икемі бар балаларға өлең шумақтарын жазғызу;
- ертегі жазу;

- көркем шығарма оқу;
- сайыс, рөлдік ойындарға қатыстыру;
- әркімнің қабілетіне қарай деңгейлік жеке тапсырмалар беру;
- сөзжұмбақтар құрастыру;
- газет-журнал шығарту;
- балаларға арналған басылымдардағы сөзжұмбақ, ребустарды шешкізу;
- жұмбақтар құрастырту;
- хат жаздыру;
- белгілі бір шығармаға қысқаша пікір жаздыру т. б.

Оқушының сөздік қорын арттырып, сөйлеу тілін байытуда сыныптан тыс оқуға да үлкен талап қойылады. Сыныптан тыс оқу мектеп бағдарламасында арнайы ескеріледі, міндетті шығармалар тізімі беріледі, сағат саны көрсетіледі. Әйтсе де, тек көрсетілген тізіммен шектеліп қалмай, сабақ үстінде үйде оқып келуге оқушыларға қызықты әңгімелер мен ертегілер ұсынылса, бұл біріншіден, нақты мақсатқа жетуге, екіншіден, оқушылардың одан әрі де көркем шығарманы өз бетімен қызығушылық танытып оқуына септігін тигізеді.

Мұғалім осындай жұмыстарды атқарту арқылы оқушылардың өздігінен кітап оқуына бағыт береді. Көркем шығармамен жұмыс – оқушының тілін байытудың ең тиімді жолы. Көркем шығарманы көп оқу арқылы оқушының танымы артып қана қоймайды, ойын жүйелі жеткізуді, байланыстырып сөйлеуді, тілдің орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын дұрыс меңгеруді үйренеді. Алайда, көркем шығармамен жұмыс істеу барысында есте ұстайтын жайт: шығарманың оқушының жас ерекшелігіне сай болуы, мазмұнының қызықты болуы, тәрбиелік мәнінің зор болуы, оқушыны жалықтыратындай тым көлемді болмауы.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, қандай пән, қандай сабақ түр болсын тіл дамыту, сөздік қорды байыту үнемі жүргізіліп отыратын жұмыс. Өкінішке орай, кейде басқа пән мұғалімдері тіл дамытуды қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне тән мәселе деп қарап, оқушың сөздік қорын дамытуға, тілін ширатуға онша көңіл бөлмейді. Оқушының ой-өрісін кеңейту, тілін дамыту, сөз байлығын молайту барлық пән мұғалімдерінің айрықша көңіл бөлетін мәселесі болу керек. Сондықтан мектепте түрлі әдіс-тәсілдерді, мүмкіндіктерді пайдаланып, оқушының тілін дамытуға, тіл байлығын, тіл мәдениетін арттырып, тәрбиелеуге үлкен мән берген жөн.

### **Әдебиет**

1. Рахметова С. Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. – Алматы: 1994
2. Уәлиханұлы Н., Тілемісұлы Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: 2002
3. Балақаев М., Серғалиев М. Оқулық. – Алматы: Зият Пресс, 2004.

## **ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО ТРУДА КАК УСЛОВИЕ ЭФФЕКТИВНОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ К КОММУНИКАТИВНО- РЕЧЕВОМУ РАЗВИТИЮ ДОШКОЛЬНИКОВ-БИЛИНГВОВ**

*Н.В. Иванова*

*ФГБОУ ВПО «Чувашский государственный педагогический  
университет им. И.Я. Яковлева» г. Чебоксары, Россия*

Новые образовательные стандарты и законодательные акты в области дошкольного образования ставят перед педагогами иные качественные цели и задачи в развитии и воспитании детей. Закон об образовании в Российской Федерации, Федеральный государственный образовательный стандарт дошкольного образования, профессиональный стандарт педагога и другие нормативные акты обязывают вузы готовить профессионалов, способных полноценно и всесторонне решать задачи коммуникативно-речевого развития детей дошкольного возраста и их билингвальной личности с учетом регионального компонента образования. В связи с тем, что предъявляются высокие требования к квалификации педагогов и их ответственности за результаты труда, усложняются и критерии оценки их профессиональной готовности к педагогической деятельности, в частности к коммуникативно-речевому развитию дошкольников-билингвов.

Современные чувашские дошкольные учреждения испытывают острую нужду в высококвалифицированных педагогах, способных полноценно формировать языковую компетентность дошкольников-билингвов, которые обладали бы высоким уровнем личной билингвальной и бикультурной компетентности.

Исходя из компетентностного подхода в подготовке бакалавров и магистров, сегодня следует сфокусировать внимание на формировании и развитии соответствующих общекультурных и профессиональных компетенций в области развития коммуникативно-речевых умений у дошкольников в условиях билингвизма.

Во ФГОС ВПО региональный компонент провозглашен ключевым и значимым условием профессиональной подготовки будущих педагогов, который предполагает учет таких определяющих черт культуры региона, как полиэтничность, поликонфессиональность, диалогичность культур, культурный релятивизм, толерантность, открытость, способность к культурной адаптации и т.д. В таком постоянно изменяющемся поликультурном пространстве и происходит становление культурной идентичности каждого ребенка, а также развиваются национальные культуры и региональные системы образования.

На территории Чувашской Республики в течение многих веков осуществлялось взаимодействие различных культур, поэтому она обладает яркими чертами «пограничной культуры» [7]. Итоги

Всероссийской переписи населения в Чувашии показали, что здесь проживают представители более 115 национальностей [4; 5; 6]. Современные дошкольные учреждения Чувашской Республики характеризуются полиэтничностью, что вызывает у работников дошкольных учреждений определенные трудности как при организации воспитательно-образовательной работы с детьми, так и при коммуникативно-речевом развитии билингвов. Им приходится учитывать культурно-языковую специфику развития ребенка и проводить обучение второму языку с учетом сопоставительно-типологической характеристики контактирующих языков, своеобразия их грамматического строя и интерферирующего влияния родного (чувашского) языка на изучаемый (Гусева, Иванова). По результатам многочисленных исследований би- и полилингвизма, проведенных Г.А. Анисимовым, Т.В. Артемьевой, М.К. Волковым, Т.С. Гусевой, Н.В. Ивановой, М.М. Михайловым, З.Ф. Мышкиным, С.Г. Михайловой и др., для нашей республики характерен неполный тип билингвизма, которому свойственны рецептивность / репродуктивность, смешение языков, опосредованность, субординативность / координативность. Так, в сельской местности отмечается пассивность двуязычия, в городах – активность. Применительно к национальным образовательным учреждениям двуязычие рассматривается в рамках последовательного билингвизма [4;6].

Становится очевидным, что профессиональная подготовка в вузе должна быть ориентирована не только на усвоение будущим специалистом профессионально необходимых знаний и навыков, но и на становление и развитие профессионально значимых личностных качеств, которые являются неотъемлемыми составляющими профессионализма.

Успех в формировании профессиональных компетенций у будущего педагога дошкольного образования во многом определяется уровнем сформированности у студентов культуры умственного труда или «умения учиться». Поэтому одной из главных задач подготовки в вузе сегодня становится формирование культуры умственного труда у студентов.

Анализ литературных источников показывает, что существуют, по крайней мере, два понятия: «культура умственного труда» и «культура учебного труда». Часто культура умственного труда выступает в роли общей категории по отношению к культуре учебного труда и рассматривается как система, входящая в состав двух суперсистем - умственный труд и культура личности.

Так, культура умственного труда понимается как качество личности, характеризующее уровень развития ее интеллектуальных, познавательных, исследовательских и организационно-технических сторон, обеспечивающих рациональность и высокую продуктивность умственной деятельности. В обыденном понимании культура умственного труда рассматривается как «умение учиться». Она представляет собой сложный педагогический феномен, в котором выделяются внешняя (учебный труд как



деятельность по приобщению к культуре) и внутренняя составляющие (личностный, мотивационно-потребностный, интеллектуальный, организационно-деятельностный, гигиенический компоненты), которые в итоге позволяют рационально и качественно выполнять любую умственную работу. В структуре умственного труда выделяется умение принимать решения, планировать, прогнозировать результаты, организовать работу, корректировать план и пр. Многими исследователями культура умственного труда рассматривается как ядро общей культуры человека, которая проявляется в разных видах деятельности, обеспечивает высокую эффективность и результативность профессиональной подготовки студента вуза и полноценное развитие его личности, его готовности к профессиональной деятельности [2].

Эффективная реализация положений федерального государственного образовательного стандарта дошкольного образования, проектирование информационно-образовательного пространства и конструирование инновационных моделей организации образовательной среды в дошкольном образовательном учреждении предполагают формирование у студентов профессиональных компетенций в области психолого-педагогического сопровождения коммуникативно-речевого развития и образования детей в условиях диалога культур и многоязычия.

Подготовка будущих педагогов дошкольного образования для билингвального развития детей осуществляется в ФГБОУ ВПО «ЧГПУ им. И.Я. Яковлева» по направлению 050100 Педагогическое образование профиль «Дошкольное образование» в соответствии с ФГОС [9].

Учебный план подготовки студентов по указанному направлению предусматривает реализацию 29% компетенций в базовой части подготовки, 71% вариативной части, 33,7% от вариативной части составляют дисциплины по выбору, которые являются главными носителями национально-регионального компонента содержания.

У будущих педагогов формируются культура мышления, способность к обобщению, анализу, восприятию информации, постановке цели и выбору путей ее достижения (ОК 1); способность анализировать мировоззренческие, социально – и личностно-значимые философские проблемы (ОК 2); способность понимать значение культуры как формы человеческого существования и руководствоваться в своей деятельности современными принципами толерантности, диалога и сотрудничества (ОК 3); способность логически верно выстраивать устную и письменную речь (ОК 6); готовность к взаимодействию с коллегами, к работе в коллективе (ОК 7); готовность использовать нормативные правовые документы в своей деятельности (ОК 13); готовность к толерантному восприятию социальных и культурных различий, уважительному и бережному отношению к историческому наследию и культурным традициям (ОК 14); способность понимать движущие силы и закономерности исторического процесса, место человека в историческом

процессе, политической организации общества (ОК 15); способность использовать навыки публичной речи, ведения дискуссии и полемики (ОК 16); осознание социальной значимости своей будущей профессии, мотивацией к осуществлению профессиональной деятельности (ОПК 1); способность использовать систематизированные теоретические и практические знания гуманитарных, социальных и экономических наук при решении социальных и профессиональных задач (ОПК 2); речевая профессиональная культура (ОПК 3); способность нести ответственность за результаты своей профессиональной деятельности (ОПК 4); способность к подготовке и редактированию текстов профессионального и социально значимого содержания (ОПК 6); готовность включаться во взаимодействие с родителями, коллегами, социальными партнерами, заинтересованными в обеспечении качества учебно-воспитательного процесса (ПК 5); готовность к обеспечению охраны жизни и здоровья обучающихся в учебно-воспитательном процессе и внеурочной деятельности (ПК 7); способность к использованию отечественного и зарубежного опыта организации культурно-просветительской деятельности (ПК 10); способность выявлять и использовать возможности региональной культурной образовательной среды для организации культурно-просветительской деятельности (ПК 11). Кроме того, студенты овладевают одним из иностранных языков на уровне, позволяющем получать и оценивать информацию в области профессиональной деятельности из зарубежных источников (ОК 10, ОПК 5) и др. [3].

Мы подчеркиваем, что эффективность формирования всех необходимых профессиональных компетенций зависит от уровня сформированности культуры умственного труда у студентов.

Наблюдения, посещение лекционных и семинарских занятий с последующим анализом работ студентов на занятиях и анализом конспектов их лекций помогли нам выявить уровень развития «умения учиться» у студентов на основе следующих компонентов: личностный, мотивационный, интеллектуальный, организационный.

7. Ash, D., Levitt, K., 2003. Working within the zone of proximal development: formative assessment as professional development. Journal of Science Teacher Education, 1(14): 23-48.
8. Manfred, F. R., Kets de Vries, 2003. The Dark Side of Leadership. Business Strategy Review, 14(3): 26.
9. Yarulina, L.P., 2010. Formation of basic management skills of students of higher education. Modern High School: An innovative aspect, 4: 11-18.
10. Pozdnyakov, A.P., 2007. Project activities as a means of formation of administrative culture in the university. Vestnik Tambov University,

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА БІЛІМДІ ЖАҢАРТУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ**

***К.Н. Сариева***

*ББЖКБАРИ, Алматы қ.*

Қазақстандағы орта білімді жаңартудың басым бағыттары, немесе «асан» емес «үсенді» тәрбиелеу.

Орта білімді бер жүйесін жетілдіру – үзілмейтін үрдіс және оның өткені, бүгінгі және болашағы бар. Қазақстандағы білім беру саласының дамуы Кеңес одағы тарихымен тығыз байланысты. Сол заманға көз жүгіртетін болсақ, білім мазмұнын анықтаудың жүйелі және ғылыми негіздемесін 1920 жылы С.И. Гессен жасаған. Ол білім мазмұнының алты түрін белгілеген: тәрбиелік, ғылыми, көркемдік, құқылық, діни, шаруашылық. 1970-1980-ші жылдары Ресей ғалымдары И.Я. Лернер и И.С. Леднев осы бағыттағы жұмыстарын жалғастырады. С.И. Гессен и В.С. Леднев те білім мазмұнын алты түрін атайды: ғылыми (ақыл-ой), рухани-тәрбиелік, көркемдік (эстетикалық); құқылық, діни және шаруашылық (С.И. Гессен); коммуникативтік, еңбек и дене шынықтыру (В.С. Леднев). Осы зерттеулерді В.В. Фирсов бастаған ғалымдар Ресей педагогикалық ғылым академиясының Оқытудың мазмұны және әдістемесі ғылыми-зерттеу институтында в 1988 жылы жалғастырған. Тәуелсіздік алғанға дейін Ы. Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдары институты Ресей ғалымдарымен тығыз байланыста болып, бірге жұмыс жасаған.

Осы зерттеулер негізінде 1990 жылы Ы. Алтынсарин атындағы білім беру проблемалары институтында білім мазмұнының алты түрі анықталған:

1. Әлемді және адамды тану (химия, география, биология, астрономия, физика).

2. Қоғамды және адамды тану (адам, қоғам, тарих).

3. Ана тілін және басқа тілдерді білу және үйрену.

4. Математиканы тану (математика, информатика).

5. Өнертану (көркем сурет, музыка, әдебиет).

6. Тіршілік жасау және өзін-өзі тану (еңбек, дене шынықтыру).

2012, 2015 жылдардағы Бастауыш, негізгі және жалпы білім беру Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында жеті білім салалары белгіленген, бірақ осылар білім беру салалары ма, пәндер ме?

«Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Өнер», «Технология», «Дене шынықтыру».

Біздің ойымызша, Жаратылыстану (химия – заттың қасиеті, физика-заттың болмысы, география, биология) және «Өнер» (сурет, музыка) сала, ал басқалары пәндер.

Осы стандарттағы үлкен жаңалық – ол құзыреттілік, немесе біліктілік. Бұл түсінік бізге тансық емес, себебі А. Байтұрсынов жазғандай: «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік – сол білімді іске асыра білу дағдысы».

Оқушы мектепте алған білімін неге және қалай жұмсайды? - деген басым идея стандартта өз орнын таба алған, бірақ мұны іске асыру үшін бар болғаны сабақ құрылымын өзгерту керек, себебі сабақ өзгерсе, жетілсе, құрылымы нақты болса, онда сол арқылы барлық реформалар, жаңалықтар мектепке енеді. Күнделікті өзгертілген сабақ саны білім сапасына әсері тиеді де күтілетін нәтижеге жеткізеді.

Стандарттағы пәндік, түйінді, негізгі құзыреттіліктер іске асыру арқылы оқушы әлеуметтенеді. Мемлекеттік стандарттағы екі тиек сөздерде тоқталайық:

1. Тұлғаны әулементендіру – жеке адамның қоғамның толық құқылы мүшесі ретінде өмір сүруіне қажет белгілі ілімдер, ережелер мен байлықтарды меңгеру. Олар әр пән мазмұнында берілген.

Әлеуметтендіру жеті жасқа дейін отбасы немесе бақшада өтсе, 7-18-ге дейін мектепте, жоғарғы оқу орны, жұмыс орны, қоғамдық орындар арқылы жалғасады. Ал ең басты талап – отбасын құру, ұрпақ жалғастыру, қоғамның ең кіші бөлшегі-жанұя арқылы ең үлкен құрылымы – мемлекетке еңбек ету.

2. Құзыр – араб сөзі – қатысу, қатынасу, көру, көріну.

Компетенция – 1. міндет, қызмет бабы? 2. Біліктілік.

Компетентный – білікті, жетік, терең білетін, құзырлы.

Компетентность – құзыреттілік, біліктілік.

Құзыреттілік, біліктілік үлгісін Ы. Алтынсарин «Асан мен Үсен» әңгімесінде көрсете білді. Заманауи оқушы Үсен сияқты алдында кездескен тығырықтан шыға білу және кез-келген мәселені шеше білу қабылеті қалыптасқан тұлға болу керек. Өзгермелі өмірде өз орнын таба алу, әлеуметтену. Амонашвили сөзімен айтатын болсақ: «в ось питание», қазақша «орам ал», себебі айнала үн, белгі, ұғымдар мен үлгілер.

Білім – қазақша түсінікте ҚОРҚҰТ(Қор және Құт). Өлмейтін, өшпейтін нәрсе. Ж. Баласағуни айтқандай Өзөлмес, Өзгермес. Тек оны көре білу және насихаттау керек. Оқушы сол Қордан рухани нәр алу керек, сонда ғана ол Қор оған Құт болып дариды.

Оқушы білімді ала білу керек, мектеп бере білу керек. Алған білім, білік, дағдыны оқушы өмірде пайдалана білсе, оны құзыретті деп айтуға болады. Сондықтан араб сөзінен бастау алатын құзыреттіліктің қазақшасы – біліктілік. Оқушы үшін білім алу мақсаты – өмірге керекті білім, білік, дағдыларды игеру.

Адамның қоршаған әлеуметтік ортасы құрауыштары: табиғат, руханиет (мәдениет), ғылым, тарихат (саясат).

2006 жылы 11 қаңтарда Елбасы Н.А. Назарбаев былай деді: «Келесі онжылдықта біз бәсекеге қабілетті 50 ел қатарына қосыламыз. Ол үшін экономикасы, саясаты, әлеуметі, мәдениеті дамыған мемлекет болуымыз кажет». Соңғы Жолдауларында 30 ел қатарына қосылу керектігін айтып келеді.

Осы ойды іске асыру үшін мектептің де берері мол емес бе? Сондықтан біздің ұсынып отырған модель – үлгімізде пәндер төрт сала бойынша топтастырылған. Орта мектепте төрт бағыт болуы тиіс: ғылыми – жаратылыстану, көркемдік – гуманитарлық, саяси – қоғамдық, әлеуметтік – экономикалық.

Білім беру мақсаты: Экономикалық, саяси, ғылыми және мәдени бағыттар арқылы оқушыны әлеуметтендіру.

Міндеттері:

Математика, технология арқылы экономикалық білім қалыптастырып, нарық жағыдайында шаруашылыққа икемді болу көзделеді (қамқоршы отбасы және бәсекеге қабілеттілік-жеке кәсіп ашу; үй салу).

Тарихтан білім алып, өз отбасы шежіресін қалыптастырып, Отан, әлем құбылыстары мәліметі арқылы өз құқын білетін және өзін қорғай алатын, елін сүйетін азамат болу (жауапты және өз құқын қорғай алатын азамат – ұл, қыз өсіру; ұл – ұлт негізі, ұлтжандылық ).

Тіл, әдебиет, өнерді танып білген, өз елінің және әлем халықтарының ұлттық құндылықтарын игерген, әдемілікке құштар, эстетикалық талғамы биік мәдениетті тұлға қалыптастыру (шығармашыл және рухани бай тұлға – мәдени Қорды игеру; үйінің төріне домбыра ілу).

Биология, химия, физика арқылы ғылым жетістіктерін игеріп, өз елінің және әлем ғалымдарының өркениетке қосқан үлесін бағалай білетін, табиғатты аялайтын азамат қалыптастыру (денсаулығы мықты және экологиялық адам – үйінің айналысына бақ өсіру).

Оқушының ең басты қасиеті-тектілік.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (2010.01.09) мазмұны тұлғаны әлеуметтендіру, орта білім беруде білім, білік, дағдыдан құзыреттілікке, нәтижелілікке, оқушылардың алған білімдерін күнделікті өмірге пайдалануға үйретуге бағытталған. Бұл құжатта базалық (мейірімді адам, бауырмал отбасы, шығармашыл тұлға, жауапкершілікті азамат, салауатты тұлға), бұған қосымша: тектілік, отбасына камқорлық, эстетикалық талғампаздық, өз құқығын қорғау, экологиялық қасиеттер оқушыны әлеуметтендірудің басым бағыттары ретінде қарастырылып;

- пәндік ( пән бойынша білім, білік, дағды);
- пәнаралық байланыс, жүйелілік, көзқарас қалыптастыру;
- түйінді (ақпараттық, коммуникативтік, проблемаларды шешу) құзыреттеріне сипаттама беріледі.

Бұл тұжырымдарды үлгі-модель арқылы да көрсетуге болады:

Білім салалары	Мақсаты	Пәндер	Кәсіби бағдарлау	Негізгі құзыреттіліктер
1. Саясат	Тарихи таным және құқылық мәдениет	Қоғамдық бағыт. Шежіре, халық, ел тарихы.	Тарихшы, философ, заңгер	Жауапты және өз құқығын қорғай алатын азамат
2. Мәдениет	Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру	Гуманитарлық бағыт. Тіл, әдебиет, өнер. Этика, эстетика, этномәдениет.	Мәдениеттанушы, психолог, журналист, дизайнер, филолог, өнертанушы	Шығармашыл және эстет тұлға
3. Ғылым	Ғылыми көзқарас және экологиялық мәдениетті дамыту	Жаратылыстану бағыты. Биология, география, физика, химия, дене шынықтыру	Ғалым, мұғалім, дәрігер, т.б.	Денсаулығы мықты және эколог тұлға
4. Экономика	Шаруашылықты жоспарлап, жүргізе білу	Есеп-қисап бағыты. Математика, алгебра, геометрия, технология, сызу.	Бизнесмен, кәсіпкер, инженер, шопан, фермер, құрылысшы.	Қамқоршы отбасы және бәсекеге қабылетті адам

Құзыреттіліктің орнына қазір «функционалдық сауаттылық» терминін жиі қолданады. Байқасаңыз, аты басқа болған мен мазмұны бір ұғымдар. Салыстырыңыз, құзыреттіліктер – функционалдық сауаттылық құрауыштары.

«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары» 7 негізгі құзыреттіліктерге саяды:

1. Басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті).
2. Ақпараттық (өзіндік танымдық қызметке қабілеті немесе өмір бойы білім ала білу).
3. Коммуникативтік (қазақ орыс,ағылшын (шет) тілдерінде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жаау қабілеті).
4. Әлеуметтік (өзара іс-қимыл жасау қабілеті).
5. Тұлғалық (өзін-өзі жетілдіру,өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау,төзімді болу қабілеті).
6. Азаматтық (қазақстандық сана-сезім мен мәдени ұқсастық негізінде отаны үшін жауапкершілікті сезу қабілеті).
7. Технологиялық (ғылыми, сандық технологияларды пайдалану қабілеті).

Орта білімді жаңартудың басым бағыттарының теориялық негіздерін тәжірибеге еңгізу үшін педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру жүйесін жаңарту керек.

Ол үшін педагогтардың құзыреттіліктерін дамытудың үлгісі-моделін ұсынылады.

Педагогикалық құзыреттіліктің құрауыштары:

- Білім мазмұнын жаңартудың заманауи басым бағыттарын білу.
- Оқу-тәрбие үрдісіне осы бағыттарды енгізу жолдарын игеру.
- Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруды іске асыру (басқару, жоспарлау, қалыптастыру).

1. Орта білімді жаңартудың басым бағыттары:

– Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.

- Базалық, пәндік, түйінді құзыреттіліктердің мазмұны.
  - Соңғы нәтижеге бағытталған оқыту түрлері.
  - Инновациялық педагогикалық технологиялар түрлері.
2. Оқу және тәрбие үдерісін жетілдірудің негізгі біліктері:
- Сабақ жоспарының жаңа түрлерін ұсыну және эксперимент жүргізу.
  - Күтілетін нәтижеге жету үшін инновациялық технологияларды оқыту үдерісінде кеңінен қолдану.

– Құзыретті тапсырмалар құрастыру дағдысын қалыптастыру.

– Әр сабақ сайын жақын және соңғы кіріктірілген мақсатқа жетуді жоспарлау.

– Жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесін зерттеу,насихаттау және оқу үдерісіне енгізу.

3. Оқу және тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырудың біліктіліктері:

– Базалық, пәндік, түйін құзыреттіліктерді қалыптастыру әдістерін анықтау.

– Базалық, пәндік, түйінді құзыреттіліктерді жақын және соңғы кіріктірілген нәтижеге бағыттау.

Заманауи білім беру саласындағы ең басты мәселе – соңғы жасалған Мемлекеттік стандарттың негізгі талаптарын оқу – тәрбие үдерісіне енгізе беру, бірақ бұл жұмыс көптеген қиыншылықтарға келіп тіреледі. Сондықтан өткізіліп жатқан курс барысында жоғарыда аталған мемлекеттік құжаттар мазмұны теория ретінде қарастырылып қана қоймай, базалық, пәндік, түйінді қызыреттіліктер тәжірибеде іске асу барысы талқыланып, сабақ кезінде дәстүрлі сабақ пен жаңа сабақтар құрылымы мен мазмұны сараланады, себебі білім жүйесінің өзгеруі, жетілдіруі – сабақ үлгісінің өзгеруімен тығыз байланысты. Теңіздің құрамын білу үшін бір тамшыны зерттеу керек, сол сияқты білім саласындағы реформалар мектеп тәжірибесіне ену үшін сабақ құрылымы өзгертілуі керек.

Оқулықтарымен жұмыс істеу барысында білім, білік, дағдыдан құзыреттілікке дейін жету амалдары, нәтижеге бағытталған сабақ үлгілерін құрастыру әдістемесі, дәстүрлі сабақ пен жаңашыл сабақ үлгілері беріледі. Егерде дәстүрлі сабақта үш мақсат: білімділік, дамытушылық, тәрбиелік қойылса, қазіргі талаптар бойынша бір мақсат (ол күтілетін нәтиже ретінде сабақтың соңында ескерілуі тиіс), содан соң білім, білік, дағды жоспарланып – осы үшеуінің қолжетімділігі ретінде құзыретті тапсырма құрастырылады.

Мемлекеттік стандарт талаптарын орындау және жоспарлау үшін жаңа сабақ стандарты ұсынылады.

Жаңа сабақ үлгісінің ерекшелігі – сабақтың мақсаты мен нәтижесі арасындағы байланыс қарастылады. Сабақта үш мақсат емес (білімділік, дамытушылық, тәрбиелік), бір мақсат (ол сұрақ түрінде берілуі тиіс, сонда ғана ол тақырыптың проблемасын, өмірлік мәселені шешуге ықпал етеді), үш міндет: білім, білік, дағды және нәтиже ретінде құзыреттілік жоспарланады.

Мысалы: М. Әуезовтың «Көксерек» әңгімесі бойынша мынандай мәселе қоюға болады: Көксерек кінәлі ме? Оқушылар адвокат, прокурор, айыпкер, күәгер рөлдеріне бөлініп мәтінмен жұмыс жасайды. Күтілетін нәтиже: Табиғаттың, қоғамның өз заңдылықтары бар, өмірде соған орай әрекет етуді түсіну. Құзыреттілік: Жабайы анды үйде өсіруге болмайды. Немесе: М. Әуезовтың «Қорғансыздың күні» әңгімесі бойынша қойылатын мәселе: Тығырыққа тірелген қыздардың бәрі өз-өзіне қол жұмсауы дұрыс па?

Білім саласындағы жаңа идеялар сабақтың құрылымымен тығыз байланысты, егер сабақ өзгерсе, онда білім мазмұнын игеру процессі үдерісі өзгереді, сол арқылы оқушы да өзгереді.

Аталған идеялар базалық мектептер тәжірибесінде іске асырылып, қысқа мерзімді курс кезінде тыңдаушылармен талқыланады. Базалық мектептерде өтетін сабақтарда құзыретті тапсырмалар құрастыру әдістемелерін, нәтижеге бағыттап оқыту технологияларын игеру көзделеді. Инновациялар практикаға ену үшін базалық мектептерде

эксперимент жұмыстары жүйелі жүріп, коучинг қызметіне сүйенеді. Коучер – «қара», «қосыл», «өзің жаса» деген үш кезеңде өтетін сабақтар жүйесін іске асырады. Бұл жерде Lesson study тәсілін де пайдалану тиімді. Біздің тәжірибемізде ашық сабақты талқылауда мақтаулар көбірек орын алады, ал осы тәсілді ойлап тапқан жапондықтар білім сапасын жақсарту үшін мұғалімдердің пайдаланатын әдіс-амалдарын бірлесіп талқылау, жүйелеу, зерделеу, зерттеуді қолға алған. Сондықтан бұл тәсілдің қазақшасы «сабақты зерттеу» емес, «сабақтағы зерттеу» деген дұрыс деп есептейді отандық ғалымдар.

Пәндерді кіріктіріп оқытуда сыни тұрғысынан ойлау стратегиялар мазмұны ашылады. Олар: Инсерт, Кластер, Синквейн, Венн диаграммасы, Екі жақты күнделік, Мига шабуыл, Блум таксономиясы. Оларға қосымша жобалау технологиясы, деңгейлік оқыту, жеке және топтық жұмыс, рольдік ойын, т.б.

Сыни тұрғысынан ойлау – мәтінмен, мәлімет, ақпаратпен жұмыс істеу технологиясы.

Осы жерде пайдаланып жүрген терминдерді нақтылап алу керек (kritik (анг.) – талдай білу өнері; екі мағынасы бар: 1. анықтау, талдау, бағалау; 2. сынау). Ағылшындар бұл технологияны «сынау» емес «талдау», анализ деп түсінеді. Сондықтан, дұрысы: Талдау технологиясы. Технология – навық, дағды. «Бір-біріңізді түсіну үшін терминдерді, кілт сөздерді анықтап алыңыз», – деген Сократ.

«Оқылық, оқылық. оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық!» – дейді ұлы Ы. Алтынсарин. Білімді «тоқуға» заманауи оқулықтар, басқа да ақпарат ресурстары – қорлары, әдістемелер және инновациялық технологиялардың мәні мен ықпалы зор.

Мәлімет, ақпаратты оқушы оқып, талдап, тоқып алса ғана «усен» болады. Ал мұғалім «асандар» «үсен» болу үшін оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастырушы.

## **THE FORMATION OF REFLEXIVE-DEVELOPING COMPETENCE OF FUTURE TEACHERS**

***У.Н. Сатылганова***

*Казахский университет международных отношений и  
мировых языков имени Абылай хана, г. Алматы*

In the process of renovation of modern society education is increasingly focused on the personal statement of the active principle in man, i.e. to a person who not only has a certain amount of knowledge and prepared for the competent performance of professional activity, but also capable of further self-improvement, self-development and self-realization in it. Thus, education has a number of basic functions for the individual, society and the state. This



---

demonstrates its universal character. Pedagogical high school students – future teachers – get professional education. Trend of personal priority, the active principle, involves the orientation of students in the field of knowledge about themselves, their educational needs, capacities and abilities, knowledge of their individual potential and possible routes of its implementation and development in vocational education. Preparing for the implementation of professional pedagogical activity also involves the formation of skills and relates their professional activities with the capacity and the individual characteristics of students to predict the consequences of their actions in the practical teaching activities. At the same time students, as future teachers must master the acceptance of the actualization of personal knowledge in their students. Therefore, the question arises about the formation of a reflexive-developing competence in students of pedagogical university.

S. Stepanov defines that reflective competence – is a professional quality of a person, makes the most efficient and adequately perform reflexive processes, implementation of reflexive abilities that ensures the development and self-development, promotes creativity in professional activities, achieve its maximum efficiency and effectiveness [1]. I. Sleptcova identifies the main components of readiness of the teacher to professional work, based on personality-oriented interaction with students [2]. One of the most important components of readiness for professional work, in her view, is a professionally-reflexive, which includes the pursuit of professional growth, a high level of autonomy of teachers, their ability to justify the decision of pedagogical problems, development of reflective skills to adequately assess their own behavior and actions students.

As a regulator of important professional and educational components of pedagogical reflection serves an integral part of such pedagogical skills as a gnostic, communication, organizational, design, is a necessary component in solving strategic, tactical and operative tasks, allows us to find a constructive way out in situations of pedagogical conflicts, promotes adequate assessment of social roles depending on the situation of social interaction, helps to overcome personal stereotypes.

Reflexive competence of teachers, ensuring the effectiveness of his teaching activities, is an integral component of professional competence and can be regarded as the quality of the person that makes the most efficient and appropriate to carry out a reflection that contributes to the development and self-development, creativity in educational and professional activities. Therefore, the reflexive competence is an important component of readiness of the future teachers to the profession.

The need for orientation of the educational process in pedagogical high school on the development of reflexive and developmental competence due to the new paradigm of education, based on the implementation of the competency approach to training future specialists. However, as the analysis of numerous scientific studies have shown that the majority of future teachers, the main components of reflective-developmental competence poorly formed:

Students do not consider reflexivity as professionally significant personal qualities of the teacher, emphasizing a communicative teaching activities, organizational skills, empathy, creativity, etc .;

Future teachers is not a clear picture and understanding of the essence of reflective competence, reflection as a process of learning and analyzing the phenomena of self-consciousness and self-activity;

Students poorly formed or lack the skills of self-analysis and self-assessment results of their own educational and professional activities and characteristics of their personality;

Many students do not possess the skills of self-development and self-improvement or impeded in their rational use.

Often, the teachers themselves do not own methods of formation of reflection in students missing a unique opportunity for the sensitive process adolescence.

Agreeing with S.P. Budnikova believe that reflection of future teachers should be taught specifically [3]. Make it possible by demonstrating reflective analysis by teachers and stimulate dialogue and discussion, requiring understanding, acceptance and criticism and evaluation. Understanding that show participants in the discussion, helps analyzed to see yourself through the eyes of another, from the side. Stay in it through communication identifies problems caused by the need to address them, transforming activities, cooperation with fellow students and teachers, to help and demonstrate examples of productive reflective activity. Student Activities aimed at mastering samples reflective analysis, requiring comprehension and understanding of the other, stimulates its own self-awareness, self-development and self improvement.

To carry out all of these skills you need to know the nature and purpose of reflection in professional activities, which consists in self-knowledge, goal-setting, the analysis of their own experience, planning, implementing adjustments of their own actions, self-improvement.

Furthermore, the implementation of student-centered approach to learning involves the ability to organize student subject activity, to create for this special conditions apply to the analysis and evaluation of methods to encourage the student to realize not only the result but also the process of academic work. In this regard, it is necessary to own techniques that stimulate reflection of students and methods of obtaining feedback from students. Work under the student-centered approach involves an appeal to the subjective experience of students, which, in turn, implies not just the presentation of teacher's subject, and an analysis of the content available to the students [4]. The category of «experience», which includes knowledge «what and how» is a key. In this case, refers to the appropriation of knowledge and skills, which means having the principles of value and personal meaning.

Ability to plan, design and implement a holistic pedagogical process presupposes the ability to set goals and objectives to determine their activities

relate goals and results of operations, be aware of the reasons for their successes and failures, which involves a high level of self-knowledge, knowledge of their own individual characteristics. Self-knowledge includes knowledge of his character, habits, and will, needs, motives and emotions. Referring to M.Orlova, self-awareness is due to the expansion of his own consciousness. The author argues that self-knowledge is carried out not for the search «pure» truth, but for certain purposes, in particular for the self, that is the formation of themselves in accordance with their intentions. [5]

To cut long story short, the reflection is a backbone component in professional educator. Consequently, the formation of professional competence of the student, as a future teacher, is impossible without the formation of reflection, and thus the formation of the reflexive-developing competence is become essential.

### References

1. Степанов С.Ю., Похмелкина Г.Ф. Принципы рефлексивной психологии педагогического творчества // Вопросы психологии. 1991. № 5. С. 35-38.
2. Слепцова И. Основы личностно-ориентированного взаимодействия воспитателя с детьми // Дошкольное воспитание. 2007. № 3. С. 2531.
3. Будникова С. П. Психологические условия становления профессиональной позиции у будущих педагогов: автореф. дис.... канд. пси-хол. наук. Тула, 2002. 22 с.
4. Якиманская И. С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе. М., 2000.
5. Орлов Ю.М. Восхождение к индивидуальности. М., 1991.

## **РОЛЬ ПЕДАГОГА ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТЫ И ТРЕНЕРА В СОЗДАНИИ УСЛОВИЙ НА ЗАНЯТИЯХ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ УРОВНЯ ДВИГАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ**

*Л.А. Семенова*

*Инновационный Евразийский Университет, г. Павлодар*

На сегодняшний день проблема дефицита двигательной активности населения является наиболее актуальных во всем мире.

Двигательная активность – это биологическая потребность организма в движении, от степени, удовлетворения которой зависит уровень здоровья людей, их физическое и общее развитие.

Л.Я. Иващенко, А.Л. Благий отмечают тесную взаимосвязь между уровнем двигательной активности, заболеваемостью и смертностью [1]. Тесная взаимосвязь состояния здоровья, физической работоспособности и образа жизни, с объемом и характером повседневной двигательной активностью доказана многочисленными исследованиями (Н.А. Агаджанян, Н.М. Амосов, Г.Л. Апанасенко, В.К. Бальсевич, Э.Г. Булич, И.И.

Брехман, А.А. Виру, Л.П. Матвеев, Р.Е. Мотылянская, И.В. Муравов, Л.Я. Иващенко, I. Astrand, J.N. Wilmore и др.)

Оптимальный двигательный режим – важнейшее условие здорового образа жизни. [2] Его основу составляют:

- систематические занятия физическими упражнениями и спортом;
- сохранения здоровья и двигательных навыков;
- усиления профилактики неблагоприятных возрастных изменений.

Обострение проблемы обусловлено успехами во многих областях науки и сферах производства материальных благ, именно они стали причиной того, что у большинства наших современников не удовлетворяется естественная потребность в двигательной активности, которая обеспечивает эффективное функционирование систем жизнедеятельности человека. Известно, что длительное и значительное ограничение физической активности человека приводит к отрицательным изменениям, в том числе, к ухудшению умственной работоспособности, снижению функции внимания, мышления, памяти.

Масштабность данной проблемы подтверждается результатами научных исследований последних лет, согласно которым в высших учебных заведениях обучается более 50% студентов, имеющих отклонения в состоянии здоровья. [3]

Как показывает анализ современных исследований, повседневная двигательная активность студентов не обеспечивает оптимальное функционирование основных физиологических систем организма, не создает условий для укрепления здоровья.

Студенты – это наиболее динамичная общественная группа, находящаяся в периоде формирования социальной и физиологической зрелости, хорошо адаптирующаяся к комплексу факторов социального и природного окружения и вместе с тем, в силу ряда причин, подверженная высокому риску нарушений в состоянии здоровья.

В связи с этим, вызывают беспокойство негативные последствия недостаточной двигательной активности студенческой молодежи, которые приводят к увеличению заболеваемости, нарушению различных процессов роста и развития, а также снижению адаптационных возможностей организма.

Поскольку учебная деятельность занимает ведущее место в жизни студентов, то двигательная активность взаимосвязана с режимом учебной деятельности. Рост научной информации и интенсификации процесса обучения показывает, что студенты на изучение программных предметов тратят 10-12 часов, а в сессионные периоды до 16 часов в сутки. [4] На традиционный вопрос: «Почему вы не занимаетесь регулярно физической культурой?» большинство студентов (71%) ответили: «Не хватает времени». Однако, с заданием расписать свой день по часам справилось 30%. Таким образом можно сделать вывод о том, что большинство из опрошенных студентов не пытаются выполнять тщательный анализ своего рабочего дня.

Далее, с помощью анкетирования, нами была предпринята попытка выявить мотивы занятий физической культурой студентов. Анализ ответов позволил разделить их на две группы (табл.1)

*Таблица 1. – Анализ анкетирования студентов по выявлению мотивов занятий физической культуры*

+	-
Укрепление здоровья	Мало свободного времени
Повысить уровень своего досуга	Нет силы воли
Нравится вид спорта	Отсутствие спортивных сооружений возле дома
Хочется чаще встречаться с товарищами	Не знаю есть ли группы здоровья
Занимаюсь просто без всякой причины	Нет желания и интереса
Желание иметь хорошую форму	Не вижу смысла в занятиях
Просто нравится	Нет денег
Из-за высокого престижа вида спорта в университете	Устаю от занятий
Желание укрепить свои мышцы	Не интересно

Таким образом, показатели двигательной активности студентов во многом определяются условиями их физической активности.

Исходя из вышесказанного, считаем, что физическое воспитание должно обеспечить развитие двигательных качеств, а так же высокий уровень работоспособности.

Целью физического воспитания в вузе является формирование физической культуры студента как системного качества личности, неотъемлемого компонента общей культуры будущего специалиста, способного реализовать ее в учебной, социально-профессиональной деятельности и семье. [5]

В тренированном организме увеличивается количество богатых энергией соединений, и благодаря этому повышаются практически все возможности и способности, как умственные, так и физические. Это особенно актуально для студентов, так как в период обучения человек максимально реализовывает свои способности.

Практика показывает, что образ жизни студента относится к малоподвижному образу.

Это ведет к пагубным последствиям гиподинамии, касающиеся растущего и развивающегося организма, которые обязательно скажутся в целом на его здоровье.

Наукой и практикой доказано, что в жизнедеятельности организма двигательная активность играет универсальную роль.

Собственная роль молодых людей в поддержании и укреплении своего здоровья сегодня практически сведена к минимуму. В связи с этим формируется совершенно необоснованная уверенность в том, что здоровье гарантировано молодым возрастом, что любые запредельные нагрузки, грубые нарушения питания, режима труда, отдыха, стресс, гиподинамия и другие факторы риска «по плечу» молодому организму. В действительности это далеко не так».

На наш взгляд, особую роль в изменении описанной ситуации играет преподаватель физической культуры, тренера. Одним из основных направлений деятельности в развитии физической культуры и спорта является подготовка кадров и повышение квалификации работников сферы физической культуры и спорта. Развитие и углубление комплексных процессов реформирования социально-экономической сферы общества сопровождается выраженной тенденцией к формированию педагогических кадров, отвечающих современным требованиям. Для достижения этих целей необходима система объективной и комплексной оценки профессионально важных качеств преподавателей физической культуры, тренеров, способствующая реализации принципа профессионализма в их педагогической деятельности.

В настоящее время, по нашему мнению, уделяется недостаточно внимания психологии тренерской деятельности. Поэтому, мы считаем, необходимо совершенствование профессиональной подготовки будущих и действующих тренеров, а также создания эффективной системы психологического обеспечения деятельности педагогов физической культуры и тренеров в образовательных организациях, и, в первую очередь, вузах.

В настоящее время наблюдается расхождение между большим общественным значением спорта в образовании и воспитании человека и недостаточной изученностью психологии субъекта деятельности, осуществляющего этот процесс. Публикуется много работ, где в качестве объекта исследования выступает спортсмен, и совсем незначительное число публикаций, направленных на изучение психологических и педагогических аспектов деятельности педагогов физической культуры и тренера. Наблюдается также невозможность прямого переноса информации, накопленной в педагогической психологии, в психологию педагогической деятельности тренера в связи с ее ярко выраженной спецификой. Все это сделало необходимым проведение специального исследования психологии тренерской деятельности в детско-юношеском спорте.

Таким образом, решение проблемы двигательной активности напрямую зависит от уровня не только педагогического профессионализма педагогов физической культуры и тренеров, но от их психологических знаний.

Трудно переоценить значение двигательной активности для человека. В укреплении здоровья, увеличении продолжительности жизни и повышении устойчивости организма к неблагоприятным факторам внешней среды важная роль принадлежит систематической мышечной деятельности человека.

Дозированная мышечная нагрузка способствует разрядке отрицательных эмоций, снимает нервное напряжение и усталость, повышает жизненный тонус и работоспособность. [6]

Успешное использование средств физической культуры в учебном процессе и научно обоснованный контроль студента за физической подготовленностью поможет ему сохранить: физическую работоспособность, сформирует способность к быстрой адаптации, ускорит процессы восстановления после больших физических и умственных нагрузок. Воспитывается высокая организованность и дисциплина в учебе, быту, отдыхе. Физическая подготовленность способствует рационально использовать бюджет свободного времени для личностного и профессионального развития будущего специалиста.

### Литература

1. Рубцова И.В. Оптимальная двигательная активность: учеб. метод. пособ. / И.В. Рубцова, Е.В. Кубышкина, Е.В. Алаторцева, Я.В. Готовцева. – Воронеж: ИПЦ ВГУ, 2007. – 23 с.
2. Амосов Н.М., Бендет Я.А. Физическая активность и сердце. – Киев: Здоровье, 1989. – 216 с.
3. Васильева В.В. Обмен веществ и энергии. – В кн.: Физиология человека. – М.: ФиС, 1970, с. 114 – 145.
4. Виленский М.Я. Основы здорового образа жизни студента. Роль физической культуры в обеспечении здоровья. – В. кн.: Физическая культура студента. – М.: Гардарики, 2001, с. 131-174.
5. Киселев В.И., Шарапова П.Х., Куликов В.П. Занятия по физическому воспитанию и индивидуальная двигательная активность студентов // Теория и практика физ. культуры. 1991, № 6, с. 21 – 23.
6. Смирнов К.М., Гапон А.Я., Железовская Д.Г., Ледовская Н.М. Обычная двигательная активность, потребность в движениях и физическое воспитание // Теория и практика физ. культуры. 1972, № 12, с. 53-4.

## БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ ЕҢБЕК МӘДЕНИЕТІ

**Ж.Ж. Рысбаева, М.С. Қанағатова**

*ПМТК, Павлодар қ.*

**Сирлибаев М.К.**

*ПМПИ, Павлодар қ.*

Ел президенті Назарбаев университеті студенттерінің алдында сөйлеген сөзінде: «Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен білім мен

ғылымда болатын уақытқа келдік. Біздің қоғамда адал еңбекті терең біліммен ұштастырғанда ғана табысқа жете алатынын қаперден шығармаған абзал. Бұл – заман талабы. Сендер Қазақстанның өз ғылымы мен технологиясын, өзіндік ұстанымын жасайтын ғылым иесі болуларың керек. Сендер, тәуелсіз қазақ елінің білімді жастары, өз соқпақтарыңды салып, оны елді дамуға бастайтын даңғылға айналдыруға тиіссіңдер!», – деген тапсырмасы жоғары білім алушылар мен оларды дайындайтын әрбір ұжымның орындайтын басты міндеті болмақ.

XXI ғасырда кәсіби еңбектің интеллектуализациялау тенденциясы белгіленіп, орта және жоғарғы білім берудің маңыздылығы көтерілді. Өйткені қазіргі кезде әлеуметтік-экономикалық құрылымдағы, іскерлік, экономикалық, әлеуметтік қатынастары жүйесінде қоғам болашақ маманды дайындаудың сапасына жоғары талап қоюда.

Қоғамның жаңа типін құру барысында, жаңа құндылықтар жүйесіне бағытталған, білім берудің негізгі мақсаты жоғары шығармашылық мүмкіншілігі бар, еңбекті ұштастыра алатын, болашақ маман тұлғасын қалыптастыру болып табылады.

М.С. Каганның ойынша, педагогикалық мәдениеттің бірнеше түрлері бар. Олар: эрудит мәдениеті, тәжірибе мәдениеті, еңбек ету мәдениеті деңгейі. Еңбек ету формасының негізі мамандыққа шығармашылықты қосу. Шығармашылық жоғары білімнен кейінгі еңбектің негізгі формасы болуы тиіс, өйткені бұл еңбектің жаңа сапаға көтерілуіне ықпал етеді. Сондықтан да болашақ мамандарды дайындау жүйесін қазіргі кезеңде модернизациялау қажет [5].

Еңбек, іс арқылы адам белгілі нәтижеге жетеді, жұмысты жақсы істеу керек: жұмысқа жанын беріп, жақсы істеу қажет.

Бұның мәні – болашақ маман тұлғасының өзін-өзі дамытуына және әлеуметтенуіне бағытталған, индивидтің тұлғалық қызметтерін дамытуға бағытталған педагогикалық жүйенің бағдарлануында. Біздің көзқарасымыз бойынша, тұлғаға-бағдарлаушылық көзқарасы оқыту процесі барысында әр студенттің тұлғасы дамуы үшін ыңғайлы білім беру ортасын жасауға бағытталған.

Өзін тұлға ретінде қабылдайтын болашақ маман қоршаған адамдарды қабылдауға деген өзіндегі мүмкіншілігін ашады (әріптестерін, балаларды, оқушыларды және т.б.), оларды өзіндей көреді және олардың жеке ерекшелігін сыйлайды.

Соның ішінде педагогикалық іс-әрекетте тұлғалық фактор жетекші болады, өйткені «адам-адам» жүйесінде әсер етудің эффектісі әсер етудің өзіндік мүмкіншілігі бар адамды жетілдірудің деңгейімен анықталады. Қазіргі кездегі жоғары оқу орнында оқыту үрдісі барысында онда үнемі өзін-өзі дамыту қажеттілігі қалыптасқан болса алдына қойылған міндеттерді іске асырады. Сондықтан да, орта және жоғарғы білім беру жүйелерінде болашақ мамандардың кәсіби өзін-өзі дамытуды қалыптастыру проблемасына ерекше назар аударылады.



Болашақ мұғалімдерге қойылатын қазіргі заманғы талап тек таңдап алған мамандығы бойынша білімі бар мамандарды ғана емес, сондай-ақ еңбекті автоматтандыру үшін заманауи ақпараттық технологияларды қолдануға қабілетті мамандарды талап етеді. Оқу үдерісін ұйымдастыруда заманауи білім беру технологияларын қолдану қазіргі оқыту әдістерінің ерекше белгісі болып табылады.

#### Әдебиет

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2030 Жолдау.
2. Болашақ мамандардың кәсіби өзін-өзі тәрбиелеудің мәселелері (С.Б. Елканов [30], Б.П. Зязин [33], А.И. Щербаков және т.б.).
3. Калтаева Г.К. Педагогические проблемы модели формирования педагогической компетентности инженеров-педагогов // Материалы международной конференции «Наука и образование в XXI веке, динамика развития в Евразийском пространстве». – Павлодар, 2006.  
<http://e-history.kz/kz/contents/view/2057>
4. М.С. Каган Человеческая деятельность. Опыт системного анализа. – М., 1974.

### БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ СЫНИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*М.К. Сирлибаев*  
*ПМПИ, Павлодар қ*  
*М.С. Қанагатова*  
*ПМТК, Павлодар қ*

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік – экономикалық өзгерістерге сәйкес білім беру мақсаты мен міндеттері оқушыларды әлемдік даму деңгейіне сәйкес келетін белгілі бір біліммен қаруландыруды және ұлттық, сана – сезімін тәрбиелеуді көздейді. Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне – өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны айрықша. Мектеп – қазіргі қоғамның дамуымен тығыз байланысты. Мектеп өмірі балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады.

Олай болса, осы қабілетті жүзеге асыратын басты тұлға – Ұстаз. Ал – Ұстаз деп отырғанымыз, ол болашақ маман. Сондықтан да жауапкершілігі мол, бәсекеге қабілетті, сыни тұрғыдан ойлана алып, жылдам шешім қабылдай алатын, құзыреттілігі мен ұтқырлығы жоғары, адал да мейірімді, әділ де парасатты, рухани дүниесі бай мамандар ғана балаға білім мен тәрбие беріп, оның жан дүниесіне әсер ете алады.

«Сыни ойлау» – бұл американдық көптеген ғалымдардың алдыңғы қатарлы идеялары негізінде құрылған жоба, оның тұтас құрылымы болғандықтан технологияға деген негіз бар. Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Бұл болашақ мамандардың сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауды көздейді.

Сол себептіде студенттердің кәсіптік даярлығын тиімді қалыптастырудағы міндеттердің бірі олардың сыни, шығармашылық тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру болып табылады. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясында» «Қазақстанда жоғары білімнің міндеттері» бөлімінде (2.1.): « – сынай ойлау мен шығармашылық – жоғары білімге инновациялық тұрғыдан қараудың мәні» деп көрсетілген. Студенттің өзін-өзі бағалай алуы, тәуелсіз пікір бере білуі оның білімінің сапасын ғана емес, жеке тұлға ретінде қабілеті мен білгірлігін, қоршаған ортаға икемділігін айғақтайды [1].

Сыни ойлау шешілетін мәселені қоядан басталады. Студент танымдық әрекеттің субъектісі ретінде мәселе төңірегінде пайда болған қызығушылық пен қажеттіліктерді, мәселелерді көре білуі керек.

Сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Бұл жерде таным үдерісі өзінің кезкелген кезеңінде мәселелерді шешу мен өзінің жеке қызығушылығы мен қажеттіліктерінен пайда болатын сұрақтарға жауап беруге деген талпыныспен сипатталады.

Сыни ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады. Өйткені, сыни ойлау жұппен, топпен жұмыс арқылы орындалады және оның ішінде талқылау, түрлі жазбаша жұмыстар барысында мәселенің шешімі ұсынылады.

Студенттердің сыни ойлау шеберліктерін қалыптастыру шарттарының бірі студенттің жеке ерекшеліктерін сақтау болса, оны шешу жолдары: жеке тапсырмалар беру; жұптық, топтық жұмыстар ұйымдастыру; әр студентке жеке ерекшеліктерін ашатын тапсырмалар беру.

Олай болса, сыни ойлау дегеніміз студенттің ақпаратты қорыта және бағалай алу қабілеті. Сыни ойлаушы мәселе көтере алатын, қажетті ақпаратты жинақтап, бағалай алатын, нақты сұрыптай алатын, түрлі пікірлерді қолдана, басқалармен қатынас жасай алатын болашақ маман.

Қазақстанның тізгінін ұстайтын, өмірдің әр түрлі мәселелерінен хабардар, кез келген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін құзырлы азаматтарды осы бастан тәрбиелеуіміз керек. Қазіргі өмір талабына сай орта және жоғары оқу орындары білімді ғана емес, әрі тәрбиеші, әрі қоғамшыл, әрі зерттеуші, әрі ұйымдастырушы мұғалім даярлау керек екені бәрімізге белгілі.

Сондықтан жаңашыл мұғалім даярлауға қойылатын талаптар студенттерді – ертеңгі мұғалімдерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларды игеруге

бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді. Қорыта келгенде, болашақ мұғалімдерді кәсіби әрекетке даярлау аса көкейкесті, кезек күттірмейтін өткір мәселе екендігін айғақтайды.

### Әдебиет

1. Көшербаев Қ.Е., Ахметов Ә.Қ., Әбілқасымова А.Е., Рахымбек Х.М. Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы. – Алматы, 1998. – 232 б.

2. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования /Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина и др.; под.ред. Е.С.Полат. – М.: Академия, 2003. – 272 с.

3. Кластер Д. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не? Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. – Редакциялаған С.Мирсеитова, Ә.Іргебаева. – Алматы: ТОО Верена, 2009. – Б.106-116.

## ХАЛЫҢ ҚАЛАЙ, МҰҒАЛІМ?

**Б. Тажимаев**

*АҚ «ҰБАО «Өрлеу» филиалы ББЖКБАРИ, Алматы қ.*

Қазіргі уақытта көптеген елдерде мемлекеттік білім беру жүйесін реформалау жүріп жатыр. Бұл негізінен екі себепті құрайды.

Бірінші себеп, (экономикалық): мектеп бітірушілер 21 ғасыр экономикасында лайықты орын алатындай өмірге қажетті білім алып шыға ала ма?

Екіншісі, (мәдени): ғаламдық ауқымдану процесі шеңберінен шықпай, өздерінің мәдени құндылықтарын сақтап қалу мен оны болашақ ұрпаққа жеткізу мәселесі. Барлық елдерде осындай мәселелер көтеріліп, шешімін тауып, кейбір шағын мемлекеттер білім саласында қара үзіп, алдыңғы көш басына шығып жатыр. Солардың қатарынан Финляндия, Сингапур, Оңтүстік Корея сияқты мемлекеттерді көреміз.

Неге біз солардың қатарынан көріне алмаймыз? – деген сауал әркімді де мазалары анық.

Ұстаздарымыз Кембридж университетінің деңгейлік курстарында оқып, педагогикалық шеберлік орталықтарында білімдерін жетілдіруде. Мектептерімізде статистикалық мәліметтер бойынша жеткілікті деңгейде компьютерлік құрылғылар менинтерактивті тақталармен жабдықталған. Сонымен қатар, көптеген мектептерде арнайы жабдықталған химия, биология, физика кабинеттерінің кешенді құрылғылары, интерактивті тақтасы бар лингофонды мультимедиялық кабинеттер, ал *электронды оқыту жүйесіне* енген мектептерде көпшілікпен өткізілетін шараларды қамтамасыз ететін цифрлы подиумды интерактивті тақтасы бар СМАРТ құрылғылар, ноутбуктармен жабдықталған СМАРТ проекторлы мобильді сынып, мұғалімдердің электронды құжаттарды толтыруына арналған

моноблоктар кешені және компьютерлік сыныптармен қамтамасыз етілген. Осылардың бәрі шығармашыл ұстаздардың оқушылармен бірге әлемдік білім кеңістігінің барлық мүмкіндіктерін пайдалануына жағдай туғызады.

Қоғамның да білімге деген сұранысының артқанын анық көреміз. Көптеген ата-аналар балаларын репититор жалдап, қосымша сабақтарға ақы төлеп оқытып жатады.

Сонда бізге не жетіспей жатыр?

Заманауи жабдықтары бар мектепте бар күш жігерін салып, талай жетістікке жеткен ұстаздарымыз да баршылық. Өкініштісі, олар саусақпен санарлық десек қателеспейміз.

Сонда көпшілік мектептеріміздің жай-күйі қалай? Бұған мектеп басшыларынан, ұстаздар тарапынан әр аймақтан, әр түрлі жауап естиміз. Енді соларды ортаға салып, ой өрбітіп көрейік. Сарапшысы өздеріңіз. Алдымен, мұғалімнің күнделікті өмірінен бір эпизодты көз алдымызға келтірейік.

– Мені бүгін педагогикалық кеңесте талқылады. Оқушың ҰБТ-дан екілік баға алды, енді жұмысыңмен қош айтысасың. Орныға басқа мұғалім аламын, сен үшін аудандық білім бөлімінің кеңесінде сөз естідім – деп директор мені жұмыстан шығармақшы. Алдымен өзінің маған жыл бойы дұрыстап сабақ жүргізуіме мүмкіндік бермегенін неге ойламайды?

– Сенен басқаның реті келмей тұр, сабағынды басқа мұғалімге тапсыр да 50 оқушымен орталық алаңға флэш-моб билейтін балаларды бастап апарасың, немесе мәдениет үйінде өтетеін кездесуге залдағы орындарды толтыру үшін жоғары сыныптардан 100 оқушыны алып барасың, – деп жыл бойы жұмсаумен болды ғой. Енді келіп мені кінәлайды...

Бұл қапаланған ұстаздың сөзі.

– Мектебіме КТК-дан телерепортерлар келейін деп жатыр. Екі күн сабақ өткізбей облыстан комиссия келеді деп аудан әкімшілігі қысымға алған соң, орталық көшелерді тазалауға шығып едік, соны бір ата-ана КТК-ға жазып жіберіпті. Енді, сол әкімшілік бар жауапкершілікті маған артып, өзіме түсініктеме жазғызып, айыппұл салып, қатаң сөгіс беріп мені кінәлап жатыр. Одан да тып-тыныш сабағымды өткізіп, мектепте отыруым керек еді. Ақыры мен ақымақ болдым...

Бұл қапаланған басшының сөз

– Биыл ғана мұғалімдік жұмысқа тұрып еді. Бір айда екі рет ауруханаға жатып шықты. Комиссия келеді деп күн-түні мектептен шықпай, ақыры ауырып тынды. Мектеп суық. Отынды үнемдеп жағыңдар – деген деп, пешті сөндіріп тастайды екен. Бұл не деген қаптаған комиссия? Не деген бітпейтін қағаз? Үйге әкеліп жазуға рұқсат бермейді, мектепте жазыңдар деді, – дейді де отырады. Бұлар баланы қай кезде оқытады, ылғый да комиссияның қағазымен жүрсе?..

Бұл жас мұғалімнің қапаланған ата-анасының сөзі.

– Мектептен кеткеніме 2 жыл болды. Қазір халыққа қызмет көрсету орталығында жұмыс жасаймын. Әйтеуір, мектепке қарағанда

*тыныш екен. Мектепте жүргенде неше күн ұйықтамай НОБД толтырып, әбден қиналып едім. Барлық мұғалімдер мен оқушылардың тізімдерін алдыма лақтырып кететін. Сен информатиксің! Сен толтыруға міндеттісің!- деп. Қазір мектепке жолағым келмейді...*

Бұл жас информатика пәнінің мұғалімінің сөзі. Өкініштісі сол, ол талантты маман болса да оның білімімен шәкірттер сусындай алмайды.

Бұндай мысалдарды тізіп жаза берсек, таусылмасы анық. Байыптап қарасаңыз әрбірінің астарынан өзекті мәселелердің андағайлап тұрғанын көресіз. Кейде, бүгінгі мектеп ұжымдары жергілікті әкімшіліктердің ағымды шараларын өткізуші армияға айналған ба дерсіз. Ішкі саясат бөлімінің шаралары, жастар комитетінің шаралары, мәдениет саласының шаралары тек мектеп арқылы ғана жүзеге асатын сияқты. Таласымыз жоқ, бала тәрбиесі, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік баршаға ортақ. Алайда, мектеп оқушыларына арналған Мемлекеттік білім беру стандартымен айқындалған, оқу мен тәрбиеге қатысты мемлекеттік бағдарлама бар. Оның ішінде оқу мен тәрбиенің барлық саласы камтылған. Соған қатысты мектептің оқу-тәрбие процесі жоспарланып, ұйымдастырылады. Ол мектептің ішкі жұмыс тәртібі. Ал енді мектептен тыс шараларға тартылған оқушы мен мұғалімнің алдағы нәтижесі қандай болмақ?

Біріншіден, әр оқушы білім стандартымен белгіленген оқу-тәрбие процесінен ажырайды. Сол күнгі сабақтарда игерілуі тиіс білім, білік, дағдылары қалып қояды. Педагогикалық процесс өте күрделі. Оны ұйымдастыруға ерекше талап қойылады. Білім беруді ұйымдастыру оқушы бойына өсімдік сіңіретін тамшыдай, үздіксіз, жүйелі түрде ұйымдастырылған педагогикалық процесс арқылы жүзеге асады. Ал осы процесі бұзып, соңынан бір күнде қуып жетем деушілік, ол – ағаттық. Нәтижесін көріп те жүрміз.

Екіншіден, мектептен тыс шараға сол күні сабағы жоқ мұғалім тартылады деп ақталғысы келетіндер болады. Алайда, тәжірибеде көріп жүргеніміздей, сабағы жоқ мұғалімнің сол күні мектепте болуы екіталай. Себебі, көбіне әдістемелік күнде мектепте болмауды әдетке айналдырған ұстаздар жетерлік. Оларды қадағалауға кейде мектеп әкімшілігінің уақыты да болмай қалады. Сондықтан, сабағын басқа мұғалімге табыстап, мектептен тыс шараға тартылған мұғалімнің сабағы өз мақсатына жетіп, нәтижелі өтті деу қыйын. Сол күні оның 6 сабағы болса, оқушы сол сабақтарда игеруі тиіс білімді алмайды деген сөз. Нәтижесі жоғарыдағы келтіріген мысалдағыдай болып шығады.

Мектеп директорының лауазымдық міндетін сол мектептің шаруашылық ісінің меңгерушісі деңгейінде ұғынатын мектеп басшылары болады. Немесе, өзі білмесе де шектен тыс талап қойып, сен жасауға міндеттісің, – деп, мұғалімдерінің миын ашытып жіберетін немесе сағат 17.00-ге дейін мектепте отырасыңдар, – деп, олардың не істеп не қойғанына мән бермейтін, тек айтқанын істететін басшылар да болады.

